

ISSN 1727 – 060X

*2002 жылдың қазан айынан бастап екі айда бір рет шығады*



# ТҮРКОЛОГИЯ

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ атындағы ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ

6

№ 4 шілде-тамыз, 2003 Түркістан

## **ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік  
университеті**

### **ҚҰРМЕТТІ РЕДАКТОР:**

Намык Кемал ЗЕЙБЕК, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ  
Өкілетті Кеңес төрағасы.

### **РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ:**

Серік Пірәлиев  
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ президенті, п.ғ.д., профессор

### **БАС РЕДАКТОР:**

Шәкір ИБРАЕВ, ф.ғ.д., профессор

### **АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

ф.ғ.д., проф. А.Ахматалиев (Бішкек), ф.ғ.д., проф.  
С.Бахадирова (Нөкіс), ф.ғ.д., проф. Р.Бердібай  
(Түркістан), т.ғ.д., проф. В.Бутанаев (Абакан), ф.ғ.д.,  
проф. Д.Васильев (Мәскеу), ф.ғ.д., проф. К.Велиев  
(Баку), т.ғ.д., проф. М.Елеуов (Түркістан), ф.ғ.д., проф.  
Қ.Ергөбек (Түркістан), ф.ғ.д., проф. В.Илларионов  
(Якутск), ф.ғ.д., проф. И.Кызласов (Мәскеу), ф.ғ.д.,  
академик Ә.Қайдари (Алматы), ф.ғ.д., проф. Б.Қасымов  
(Ташкент), академик С.Қирабаев, ф.ғ.д., проф.  
Ә.Құрышжанов (Алматы), ф.ғ.д., проф. Х.Миннегулов  
(Қазан), ф.ғ.д., проф. К.Мұсаев (Мәскеу), ф.ғ.д., проф.  
М.Мырзахметов (Түркістан), ф.ғ.д., проф. Ш.Сарыбаев  
(Алматы), ф.ғ.д., проф. С.Орус-оол (Кызыл), др., пров.  
С.Тұрал (Анкара), др., проф. С.Хизметли (Түркістан),  
др., проф. А.Ювалы (Түркістан), М.Шотаев (жауапты  
хатшы).

Журнал 2003 жылдың мамыр айынан бастап, Париж қаласындағы  
халықаралық ISSN орталығында тіркелген.

**ISSN 1727-060X**

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық  
келісім министрлігінде 2002 жылғы 7-қыркүйекте тіркеліп,

№3200-Ж куәлігі берілді.  
индексі 75706.

## ТҮРІК ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Орынбай БЕКЖАН

(Түркістан)


## МАҢҒЫСТАУДАҒЫ СЕНЕК ЖАЗУЫ

*В статье излагаются значения трех рунических знаков, написанной на каменной столбе, найденной из Мангыстауской области.*

*Bu makalede, Mangıstav ilinde bulunan dikili taşlar üzerine kazılan üç ayrı Runik işaretlerin anlamlarından bahsedilmektedir.*

Көне түркі күл (руна) жазулы еңбектердің таралу аумағына көңіл аударсақ құндар (хун, гун, хунну, сюнну т.б.) мекені Сары өзен-Хуанхэ, Сары теңізден Хунгарияға дейінгі ұлан-ғайыр территорияны көз алдымызға келтіруге болады. Бұл аумақтың екі шетінде де құн сөзінің тұруы кездейсоқ емес, табиғи заңдылық болып табылады. Соның бел ортасында Қазақстан жері керіліп жатыр. Ал көне түркі күл жазуына Қазақстанның қатысы қандай деген сұраққа профессор А.Аманжоловтың [1] еңбегінен жауап табуға болады. Бұған қосымша енесей жазуларына аргын руының [2] қатысы бар екені анықталып отыр. Сондай-ақ, Қазақстанның әр түкпірінен көне түркі күл жазулары табылып жатыр. Осыған орай Қазақстан эпиграфикасын үлкен-үлкен аумақтарға бөліп атау уақыт талабы екені мәлім. Кейбір аумақтан қазір шықпағанмен кейін табыла беретіні күмән туғызбайды. Олар былай аталуға тиіс деп білеміз: Шығыс Қазақстан жазба ескерткіштері, Сарыарқа (Орталық және Солтүстік Қазақстан) жазба ескерткіштері, Батыс Қазақстан жазба ескерткіштері, Сырдария жазба ескерткіштері, Жетісу жазба ескерткіштері. Бұлардың іштей Алтай, Ертіс, Іле, Талас т. б. болып бөліне бергенінің еш зияны жоқ. Шығыс Қазақстан аумағына бұрынғы Семей облысы да кірсе, ал Батыс Қазақстан құрамына Ақтөбе облысынан Маңғыстауға дейінгі төрт облыс тұтас қосылады. Сырдарияға Қызылорда мен Оңтүстік Қазақстан облыстары еңсе, Жетісуға Жамбыл, Алматы және бұрынғы Талдықорған облыстары жатады.

Сондай жана жазулардың бірі – Батыс Қазақстаннан табылған Маңғыстау жазуы болып отыр. 2002 жылдың 21 мамырынан бастап бір айға дейінгі мерзімде Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Ғылым Орталығы Түркология ғылыми-зерттеу институты ғылыми қызметкерлер, Түркия азаматы, филология ғылымдарының докторы Али Аббас Чинар мен тарих ғылымдарының кандидаты, ясауитану бөлімінің меңгерушісі Зікірия Жандарбекті Маңғыстау облысына ғылыми экспедицияға жіберді. Экспедицияның негізгі мақсаты ясауитануға қатысты материалдар жинау болды. Экспедиция өзінің алдына қойған мақсатын түгел орындап, 4 маусым күні табысты оралды. Экспедицияның ясауитану материалдарына қосымша үлкен олжасы, түркология ғылымына қосылған жаңалық, Ералиев ауданындағы «Ерсарының қайрағы» деген жердегі көне түркі күл жазуы бар үлкен сынтасты табуы болды (суретті қараңыз). «Ерсарының қайрағы» деп сол сынтас аталады екен.



Сынтас Сенек ауылынан Қызылсайға бара жатқан жолдың орта шамасында, жолдан батысқа қарай қиыстау жерге орналасқан екен. Тас аса катты тас емес орташа каттыға жататын құм (қайрақ) тас болса керек (көрушілердің айтуы бойынша орысша *песчаник* аталады). Биіктігі 2,5-3 м жұмыр, баған тас. Суретке карағанда тастың диаметрі төменнен жоғарыға қарай қысқара беретіні байқалады. Төмендегі диаметрі 1-1,5 м шамасында. Жана өзеннен Қызылсай, Сенекке дейін 35-40 км жобасы болып қалады. Тас баған бұрын жерде құлап жатқан. Оны 1980-90 жылдар аралығында бірнеше азаматтар тұрғызып қойған. Астына кімдер тұрғызғаны және уақыты жазылған. Бірақ экспедиция қызметкерлері оны жазып алуды қаперден шығарып алған.

Жазу тас бағанның жоғарғы жағында көне түркі әліппімен, ірі етіп, терен ойылып жазылған. Үш таңбадан тұрады:

𐰉𐰺𐰏

Транскрипциясы: **Қа** **НҒ** е.Лі

Аудармасы: **Қаңлы** елі (тура мағынасы : **Қаң** елі)

1. **𐰉** Қ таңбасы Еуропадағы көне түркі жазуларының ішінде Волга-Дон жазуында кездескен. С.Я.Байчоров (3) бұл таңбаның мағынасы **Қ** дауыссызы болып табылатынын дәлелдегені белгілі. Қос сызықтың біреуі ұзынша, екіншісі қысқалау болып келеді. Волга-Дон жазуында оң жағындағысы ұзынша болатыны байқалады. Бұл жазуда керісінше сол жағындағысы ұзындау. Мұндай варианттық айырмашылықтар күл жазуында кездесе беретіні аян. Таңба енесей [2] жазуында, үшінші іле жазуында [4] да қ мағынасында қолданылған. Енесей жазуындағы (Е-88) таңбаның сол жағындағы сызық ұзыншалау болса, Іле – 3 жазуындағы таңбаның оң жағындағысы ұзындау. Бұл жағынан енесей жазуы мен Маңғыстау жазуы сәйкес келеді.

2.  Бұлардың дыбыстық мағыналары ғылымда толық ашылмаған болатын. Таңбаларының ұқсастығына қарай бұл таңбалар  ш,  нт және **н** болып оқылып келді. Кейбір орхон ескерткіштерінде  бұл таңба **нт** (*Мойын Чор, Ырық бітіг* т.б.) болып оқылатыны да рас. Ал енесей жазуларында біздің анықтауымыз бойынша бұл таңбалар күл жазуларындағы алтыншы **нғ** (**нғ**, **нк** - **нғ**), **нр** (**нғ**, **нк** - **нғ**) бірігінкі дауыссыздары болып саналады. Осы таңбалардың **н** болып оқылуына *санун*  (Е-48)  (Е-24) және бұн  (Е-26),  (Е7) сөздерінің белгілі **н** және белгісіз  **нғ** таңбаларымен қатар жазылуы ықпал еткен. Ал шындығында бұл таңбалар **нғ** немесе **нр** болып оқылуы керек еді. М.Томанов **н** дыбысы туралы: «Түркі тілдерінің тарихын зерттеушілердің көпшілігі-ақ сөз ортасында айтылатын **н** дыбысын **нғ** (кейде **нр**) дыбыс тіркесінің жаңа көрінісі, соның фонетикалық ықпалдасуының нәтижесі деп қарайды» [5] дейді. Сондай-ақ Рясененнің моңғол тілдері (**нғ**) мен түркі тілдерінің (**н**) арасындағы сәйкестікті көрсеткенін айтады. Мысалы, қазақ тіліндегі *қоңыр* сөзі моңғол тілінде *қонгур* болып дыбысталатынын көрсеткен. Бұлармен қатар И.А.Батмановтың енесей жазбалары тілінде **н** (**нғ**, **нр**) дыбысының жіктеле бастауы болған деген пікірін келтіреді. Яғни, И.А.Батмановтың бойынша ескерткіштер тілінде *-ңыз*, *-гыз* қосымшаларының қатар қолданылуы соның дәлелі. Бұл пікірді біз де қолдаймыз. Өйткені, енесей ескерткіштеріндегі ,  **нғ**, **нр** бірігінкі дауыссыздары арқылы жазылған сөздер соны дәлелдейді.

**НҒ** дыбыс тіркестерінің әрқайсысын жеке-жеке таңбалармен белгілеген және екеуін бір таңбамен жазған енесей ескерткіштеріндегі осы



даму заңдылығына сай *-ыңыз, -іңіз және -ығыз, -ігіз* түріне ауысканы түркі тілдерінің тілдік жүйесінен айқын көрінеді. Енесей ескерткіштерінде **нғ** дыбыс тіркестерінің тәуелдік жалғауы ретінде қолданылуы да ұшырасады. Сондай-ақ, бұйрық райы түріндегі қолданысы да бар. Бұлар туралы және басқа да мәліметтер жайында арнайы еңбек жазылды [8].

3. **У** жіңішке **л²** таңбасы. Бұл таңба көне түркі күл жазуларының бәрінде де кездеседі. Енесей жазуында *ел (мемлекет, ел-жұрт)* мағынасындағы қолданыста жиі жазылған. 'Ел' және 'іл' түрінде екі вариантта да қолданылған. Е – І [6, 11; 7, 82] ескерткішінде алдында **е** таңбасы қосылып жазылған: **л²УЕ** 'ЕЛ²іМЕ' (еліме(нен)). Е-29 [6, 57; 7, 103] жазбасында алдында **і** таңбасы қосылып жазылуы кездеседі: **л²УІ** 'ІЛ²іМД²Е' (елімде). Е-32 [6, 62; 7, 105] ескерткішінде алдынан және сонынан **і** таңбасы қосылып жазылған: **л²УІ** 'ІЛ² ЧОР² ІЛ²іНЕ' ҚазҒаН²Д²ыМ² 'Ел Шор(а) еліне тауып жинадым'. Сондай-ақ екі жағынан да дауыстылар жазылмай қолданысы Е-2 [6, 14; 7, 83] ескерткішінде кездеседі: **л²УІ** 'ЕЛ²іМ ЕР²Д²еМі' 'елімінің бағқы'.

Орхон ескерткіштерінде де **у** **л²** таңбасы *ел іл (мемлекет, ел-жұрт)* сөзінде дауыстылардың қатысына қарай түрліше қолданылады. Күлтегін ескерткішінде (КТү 46) екі жағынан да **і** таңбасы жазылуы арқылы қолданылған: **л²УІ** 'ІЛ²іН² аЛ²Т²ыМЫЗ²' 'елін аламық'. Сонында **і** дауыстысы жазылмай тек алдында ғана жазылуы да ұшырасады (КТү 25):

**л²УІ** 'ІЛ² Б²ІР²іГМЕ Т²әҢРІ²' 'Ел берген тәңрі'. Сонымен бірге Күлтегін ескерткішінде екі жағынан да дауыстылар жазылмай қолданылуы кездеседі: **л²УІ** 'ЫҒЫР²ЕЛ²Л²іГД²Е²' 'ығыр болған, егескен елдікте' (КТү 29). С.Е. Малов аудармасында 'ығыр' сөзін 'ыгар' деп транскрипциялаған. Аудармасын 'верные (племенные союзы)' 'сенімді (дос елдікте)' деп аударған. Бұл сөз казак тіліндегі 'ығыр болу' (мезі болу) тіркесіндегі 'ығыр' сөзімен түбірлес болуы мүмкін. Сондай-ақ, тіліміздегі *ег + е + с + у* сөзіндегі *ег* түбірі осы *ығыр* *ыггыр* сөзінің жіңішке варианты болуы ықтимал. Мағыналарының жақындығы осы тұжырымға әкеліп тірейді. Сонда дұрыс аудармасы 'ығыр, егескен елдікте татулық орнаттым' болады.

Бұлармен қатар: **л²УІ** 'ІЛ²Л²іГіГ ІЛ²С²іР²еТ²МіС²' 'елдіні елсіреткен', (КТү 15) **л²УІ** 'ЕЛ²іМіЗ²' 'еліміз' (КТү 22) мысалдарында да дауысты дыбыс таңбалары жазылмай қолданылған. Келесі бір енесей ескерткішінде (Е-69) *ел* сөзі және *елдің аты* екеуі тіркесе қолданылуы ұшырасады [7, 36, 72, 114]. Бұрынғы еңбегімізде [2] біз мәтінді толық берген болатынбыз. Қазір өзімізге қажетті тіркесті ғана келтірейік. Мұнда *ел* сөзінен кейін **і** дауыстысы, яғни тәуелдік жалғауы жазылған: **л²УІ** 'аР³ҚҰ ЕЛ²і' 'Арғын елі'. *Ел атауы және ел* сөзі бірге жазылған тағы бір мысал Күлтегін (КТү 4) ескерткішінде кездесті. Бұл мысалда **л²** таңбасының екі жағында да дауыстылар жазылмай қолданылған: **л²УІ** 'Б²ӨКЛ²і ЧӨЛ² (Л²) іГ еЛ²' 'Бөклі шөліндегі ел' [6, 21].



Транскрипциясы:

ал'ТЫ Й'ашыМТ'А ҚаҢҒ ад'ыР'Д'ыМ еБ'І еЛ'іН' еМД'еМ ӨЧ'іЧ'іМЕ  
Й'ыТ'А ад'ыР'Д'ыМ Б'ыЧ'ыР'ыР' ӨЧ'іЧ'іМЕ ҚаҢҒ'ыМыН' еР'Д'еМі  
аТ'ы еГ'іМ еР' еР'Т'і

С.Е.Малов аудармасында біршама өзгешеліктер бар. Ол «адырды» сөзінің өзгелік етіс екеніне көп мән бермеген. Егер оған мән берсе, «алты жастағы бала әкесін өлтірді» болып шығар еді. Бірақ біз мәтіннің толық еместігін ескеруіміз керек. Мүмкін алты сөзінің алдындағы сөздер өшкен болар. Олай деп тұжырымдауға толық мүмкіндік бар. Өйткені үстіңгі жолдың аяғындағы орындар бос тұр. Ондай жағдайда **ᠠᠯᠲᠢ** 'ОН' аРТ'ҰҒЫ ал'Т'Ы' 'Он алты' болып жазылған болуы да ықтимал жайт. Осы себептерден де С.Е.Малов 15 –27 таңбаларды 'білінмедім үч ічіме' 'Я не сознавал (этого). Я, горюя, отделился от трех моих старших братьев...' деп аударарды. Біз аудармамызда өзгелік етіске мән береміз. Өйткені ол сөз екі рет қайталанған. Сондықтан оны қате жазылған деп есептеуге болмайды. Мәтіндегі 'емдем' сөзі "Көне түркі сөздігінде" кездеспейді. Дегенмен, оның 'емгек' сөзімен түбірлес болуы 'қиындық' мәніне жуық екенін де байкатады. Сондай – ақ ол 'бычыр'ыР'ыР' 'кесер' сөзін де аудармай қалдырған.

Аудармасы:

(Он) алты жасымда ханды өлтірдім, үйін, елін қинағаны (үшін) өштігімнен өлтірдім, кесер өштігімнен, қанымның ерлік данқты аты Егім Ер еді.

Бұндағы 'қаңқ' сөзінің аудармасын 'әке' деп аударуға да болады. Ол қан өлтірушінің әрі әкесі де болуы да ықтимал. Бұған ұқсас оқиға тарихта талай ұшырасканы мәлім.

Е-10 (6) [6, 25; 7, 88, 89] ескерткішінде 'қаңқ' сөзінің 'хан' мәнінде қолданылғанына айқын мысал келтірілген [8, 45]. Алдыңғы еңбегімізде

**ᠬᠠᠨ** 'қақанғ' > 'қақан' > 'қаған' сөзінің 'қа' "үлкен, ұлы" және 'қаңқ' "қан (хан)" түбірлерінен құралғаны туралы мәлімдегенбіз. Алайда қакан атын білдіретін мына тіркесті **ᠬᠠᠨ** тірік' сөзінде **ᠨ** ү әрпі жазылмағандықтан **ᠪᠡᠬᠦ** **ᠲᠦᠢᠷᠦᠨᠢᠬ** деп транскрипциялаған едік. Қазір соны **Бөгү** сөзінің соңында ү әрпі жазылғаннан соң, тіркес арасына сөз бөлу белгісін қоймай, бір атау ретінде еріндік үндестікпен оқылады деген есеппен

**ᠬᠠᠨ** **ᠲᠦᠢᠷᠦᠨᠢᠬ** сөзіне ү таңбасын жазбаған деп тұжырып отырмыз. Сондықтан ол тіркесті **ᠪᠡᠬᠦ** **ᠲᠦᠢᠷᠦᠨᠢᠬ** деп қайта транскрипциялағанды жөн көрдік. С.Е.Малов **ᠲᠦᠢᠷᠦᠨᠢᠬ** сөзін оқымай тастап кеткен. Д.Д.Васильев [7, 18]

**ᠠᠯᠲᠢ** 'алты' сөзін **t'iq** деп транскрипциялап, **ᠲᠦᠢᠷᠦᠨᠢᠬ** сөзін **t'r'k** деп жазған. Мұндағы бір ерекшелік **ᠲ** ы таңбасы басқа **ᠲ** таңбамен белгіленген. С.Е.Малов та, Д.Д.Васильев те ол сөзді **ᠲᠦᠢᠷᠦᠨᠢᠬ** **Бөгү** деп оқыған. Ол таңбаның осы ескерткіштің 5 – жолындағы **ᠬᠠᠨ** 'қаны' сөзінде де қолданылғанын байқауға болады. **Бөгү** сөзін "Көне түркі сөздігінде" [9] 'дана, данышпан' 'мудрый, мудрец' деп аударған. Сондай – ақ **Бөгү қаған** (Тон. 34, 50) кісі есімі де **Бөгү II** деп берілген. Тонұққ ескерткішін қарағанымызда

ᠵᠠᠨᠭᠤ

Б²ӨГҮ ҚаҒаН¹ (Тон 34)

ᠵᠠᠨᠵᠠᠨᠭᠠᠨ

"Т²ҮР²ҮК Б²ӨГҮ ҚаҒаН¹ҚА" деп екі рет жазылғаны мәлім болды. Бұл кісінің екінші аты **ᠵᠠᠨᠵᠠᠨᠭᠠᠨ** Қапаған қаған (Тон. 51, 60, 61) үш рет жазылған. Е-10 ескерткішіндегі *Бөгү Түрүк қақанқ* осы Көктүрүк қағанатындағы Елтеріс қағанның інісі, Тонұқұқтың екінші қағаны *Түрүк Бөгү қаған* екенінде дау жоқ. Сондай-ақ Көктүрүк қағанаты *Көрт елі* деп те аталған. Біз оны *көк йұрт* тіркесінен туындатқан болатынбыз. Біздің болжамымыз *Бөгү қағанның* анықталуы арқылы шындыққа айналуға жақындаған тәрізді. Біз бұдан *Білге, Бөгү Түрүк, Елтеріс қағандар* мен *Тонұқұқтың арғұ* мен *қырғызға* біртұтас ел құру үшін жорық жасап, оларды бағындырғанын, онда *Бөңке* деген кісіге *Орданың (Орұнқ) "алтын кісе"* *'ер белгісін'* беріп *'бек'* сайлағанын аңғарамыз. Бұл деректің анықталуы *Білге қаған ескерткішіндегі арғұ* атауының жазылғандығы жайындағы пікіріміздің [2] дұрыстығына бұлтартпас дәлел болады.

Е -38 [6, 67; 7, 28, 66] ескерткішінде к~с сәйкестігіне дәлел болатын *қанқ* сөзінің **ᠵ** таңбасымен жазылған нұсқасы кездеседі:

**ᠲᠦᠶᠦ:ᠵᠠᠨᠭᠤᠨᠭᠠᠨ** Транскрипциясы: **аЛГ'ҮҮ С'аНҒА КеЛ'іП**

Аудармасы: *Алту санқ(қ)а (ханға немесе әкеге) келіп...*

Түркі тілдерінде к(к) ~ с [8, 45] сәйкестігі бар екені көптеген мысалдар арқылы белгілі болып отыр. Мысалы *қақ~соқ, кеп~сеп* [*саб(п)-сөз*], *қам~сам* [*шам(ан)*], *қар~сер* // *сірі (қар)*, *кере~сере (қазы)*, *қына~сына* (индеецтерді сынадай қырып) [10], *кафтан* // *қап тон ~ шаптон > шаптан > шапан, кеп+ка ~ шап+ка* // *кеп+еш (бас киім), кокымшо* [11]~*қосымша* (марий тілінде *кокымшо* *'второй'*). Сондай-ақ екі сөздің басындағы к~с, соңындағы р~з сәйкестіктеріне мысал келтіруге болады: *кер- ілу* *соз + ылу*.

*Қанқ* сөзінің басты мағынасы *хун (хунну ~ сюнну, сиуңну, гун// гун)* этнонимінің түпкі төркіні болуы болып табылады. Қытай жазбаларындағы *хунну, сюнну (сиуңну)* атауларының екі түрлі болуы түркі тілдеріндегі к~с сәйкестігіне орай туған ерекшеліктер. Өйткені түркі тілдерінің өзінде *қанқ* сөзі *санқ ~шанқ ~манқ ~танқ* [8, 37] тәрізді сәйкестіктерге ажырап кетеді. Қытайша *хун* болып айтылуының өзі түркілік жуан к дыбысы арқылы *ҚҰНҚ (қонқ // қанқ // қынқ)* болып дыбысталғанның әсері екені даусыз.

Алдыңғы еңбегімізде көрсеткен р~д//т~з//ж~й~н және к~с~б~м [8, 37, 45] сәйкестігі арқылы *қанқ* сөзімен төркіндес сөздердің мағыналарын таратуға болады. Солардың алғашқысы *қанқ* // *құнқ* сөзінің жінішке нұсқасы *күнк* сөзі. Бұның мағынасы казак тіліндегі *күн (космоним)* сөзінің мәні болады. Моңғол тілінде *күн* сөзі *кісі* деген мағынаны білдіреді. Көне енесей ескерткішінде де *күн* сөзі адам мәнінде қолданылған. Бұл көне түркілердің түп-тегі құнқтардың өздерін аспан денелерінен таратуынан пайда болған. Тау-тастардағы күн басты адамдар суреті осының нақты айғағы болып табылады. Қазактың көреген ақыны Мағжаннан бастап қазіргі көптеген

жазушыларымыз айтып жүрген *гун* сөзінің мағынасы қазақ тіліндегі *күн* деген мәнді білдіретіні жөніндегі пікір ақиқат болып шықты.

Е-42 [6, 76; 7, 30, 68, 107] ескерткішінде  $\odot$  нк таңбасы арқылы жазылған:

**ДОНУ КҮНҚ АЙ**, “күн ай” – күн сөзі кездесті. Бұл күн сөзінің көне түбірі *күнк* екенін дәлелдейтін нақты дерек. Е-11 (5) – [6, 31; 7, 21, 61, 92] ескерткішінде *күн* сөзінің *туыс* мағынасында қолданылуы ұшырасады:

»Х»ВФJ»||14||J»УЖНJ»МНJ»<Ж>G(B)

Транскрипциясы:

5. Б<sup>1</sup>ҰДҮН<sup>1</sup>ЫМА КҮН<sup>2</sup>ІМЕ Қад<sup>1</sup>аШыМА ад<sup>1</sup>ыР<sup>1</sup>ыЛ<sup>1</sup>Д<sup>1</sup>ЫМ А  
Б<sup>2</sup>ӨКМед<sup>2</sup>іМ

Аудармасы: Халқыма(нан), туысканыма(нан), ағайыныма(нан) айырылдым (қызығына) бөкпедім.

*Күн* сөзімен түбірлес *гүнеш*, *күнес* секілді сөздер *күнк* // *күнч* вариантынан туғаны шүбә тудырмайды.

*Қанқ* > *қанқ* > *қақ* сөзі күнге, отқа какталу мағынасын білдіріп, түбірі *қанқ* екенін байқатады. Ай аты *қаңтардың* да *қанқ тар* “қысқа күн” мағынасынан туғанын көруге болады. Осыдан барып *қаңтарылу* “аттың басын жерге тигізбеу” мағынасы пайда болған деп топшылауға да мүмкіндік туатындай.

*Қанқ* ~ *санқ* сәйкестігі арқылы *санққұр* > *сеңгір* [8, 45] сөзінің мағынасының жуықтығы сезіледі. *Санқ* сөзі “аспан”, “биік” мағынасын білдіріп, *сеңгір* сөзіне ауысқан.

*Қанқ* ~ *шанқ* сәйкестігіне *шаңқай түс*, *күннің шаңқиюы* тәрізді мағыналарды келтіруге болады. Сонымен бірге *шанқтың* “күн” мағынасын білдіруіне киіз үйдің шаңырағы атауының шығу тәркіні нық дәлел бола алады. Біздің болжамымыз бойынша *шаңырақ* сөзі *шанқ қарақ* сөзінен пайда болған. *Шаңырақ* сөзі кейбір жергілікті ерекшеліктер ретінде *шаңғарақ* деп те айтылатыны мәлім. Бұл *шанқ қарақ* > *шаңққарақ* > *шаңқарақ* > *шаңғарақ* > *шаңырақ* сияқты өзгеру сатыларынан өткен *күн көзі*, *күнге қарау* мағыналарын білдіретін тіркестен туған көне қолданыс екені аян. Тіліміздегі *шәңиу* сөзі *тәңірімсіп шәңиуін* немесе *шіреніп шәңиуін* деген тіркестердегі мағыналарымен қолданылатыны белгілі. Қ.Салғараұлы *құнқтардың* (сиунну) елбасысын көне қытайлықтар осылай атаған [12] деп көрсетеді. Шындығында алдымен *құнқтар* өз елбасын осылай *шәңиу* деп атаған болуы керек. Бұл кейінгі дәуірдегі қазақ хандарын *хан ие* деп атауымен сәйкес келеді. Дегенмен, енесей ескерткіштерінде қанның көне атауы *қанқ* және оның варианты *санқ* болғаны туралы айтылды. Сондай-ақ с~ш сәйкестігіне орай *шанқ* болып аталғаны да дау тудырмайды. Олай болса *құнқ* заманында да *шанқ ие* болып аталған деуге толық негіз бар. *Ие* сөзін көне түркілер *іді* деп атаған. *Іді* сөзі әр түрлі нұсқамен *іде*, *ідү* болып айтылуы да көне түркі тіліне жат емес. Ондай жағдайда *құнқтар* “шанқ іді (іде // ідү)” деп қолданған деуге

болады. Алайда олар *шанқ ие* (иү // иө) түрінде қолданбаған деп кесіп айту да қиын.

**Қанқ** сөзі және оның нұсқа-түрлерінің (вариант) тағы бір мағынасы – *тау*. *Қанқ~танқ~санқ~шанқ~банқ~йанқ* сәйкес- түрлеріндегі *банқ* сөзі былай талданады: *банқ ~ банч > бач > баш // бас* - 1. *шың*; 2. *бас* (дене мүшесі). *Банқ~манқ>ман>май* (мыймен сәйкес); *мынқ>мын>мый*; *манқлағ>маңқлағ>маңлағ>маңлай* (мыйлық деген мағынаны білдірген); *манқ//мұнқ>мұн>ұн* (*бидай басы* мағынасынан туған); Көне тау атауларындағы *қан // кен* сөздері (Алтын қан, Өтүкен, Хинган т.б.) *қанқ* сөзінен қысқарған. *Тау, тас* сөздері мынадай өзгерістерден пайда болған: *танқ > таңқ > тақ > тағ>тау; танқ~танч>тач > тау//тас*.

*Қанқ~санқ~шанқ* сәйкес-түрлерінен қазақ тіліндегі *қаңғу* (қозғалу) мағынасы, соған сәйкес *қанқа> қаңқа* (арба), *шаңғы, шана*, орыс тіліндегі *конь* (конек), *коньки, сани* (санки) сөздері тараған. Бұларға жақын орыс тіліндегі - *снег* (санқ~санг), қазақ тіліндегі –*шаң* [(шанқ > шаңқ) топырақ және қар ұлпалары] сөздері де тау басындағы *қарға* сәйкес туындаған деп ұйғаруға болады. Қытай тіліндегі *шань* (Тянь-Шань) сөзі де *танқ~ шанқ* сөздерінен ауысқаны көп дәлел тілемейді. *Шанқ* сөзінің *қар* мағынасында қолданылғанын тіліміздегі *сары шұнақ аяз* тұрақты тіркесі де дәлелдейді. Бұл тіркестегі *шұнақ* сөзі көне дәуірдегі *шұнқ* сөзінің қалдығы екені айқын. Мұндағы *сар(ы)* сөзі де *қардың* сәйкес-түрі. *Сары түс* мағынасын білдірмегені аңғарылады. *Сар шұнақ* сөздері бірінен кейін бірі тіркесіп, екеуі де *қар* мағынасын білдірген. Бұл тіркестегі *аяз* сөзі де *қар* сөзінің сәйкес түрі: *қар~ құр~ құз~ бұз~ мұз~ йұз*. Бұдан тағы да *құр* (тау) және *қар* (мұз) сөздерінің мағыналарының, дыбыстық формаларының жақындығы табиғи жақындықпен тікелей байланысып жатқанын көруге мүмкіндік аламыз. Тіліміздің мұндай даму құрылысы шеттен көп ықпалдың болмағанын, тілдің өз ішкі даму қасиеттерінің күшті болғанын танытады.

**Қанқ // құнқ** түбірінен тараған сөздердің ең қомақты бөлігі этнонимдер болып келеді. Бұның алғашқысы *қаңлыға* катысты. Өйткені *қанқ* сөзі туралы мәліметтер ең ерте кездегі “Авеста”, “Махабхарата”, Фирдаусидің “Шахнамасы”, Әбілғазының “Оғызнамасы” [13] секілді жазбаларда және қытайдың тарихи деректерінде келтіріледі. Маңғыстау жазуындағы *қанқ елі // ілі* тіркесінен **қанлы** ел аты фонетикалық өзгерістер нәтижесінде – *қанқ ілі > қанқылы > қаңқылы > қаңғылы > қаңылы > қаңлы* қалыптасқан. Оғызнамада да *қаңлы* сөзінің өзгерісі дәл осылай беріледі. Бірақ *қанқылы* “арбалы” мағынасындағы сөз түрінде беріледі. - *Лы, - лі* жұрнағының пайда болу уақыты XV ғасырдан кейін деуге болады. Бұл жұрнақтың одан арғы дәуірдегі кейпі – *лұқ, - лүк, - лық, - лік* тұлғасында болатын. Егер Оғыз қаған өмір сүрген уақытты шамамен I ғасыр деген күнде *қанқлұқ* сөзі VII–VIII ғасырға дейін –*ақ қанлұқ // лық* болып қалыптасып қойған болар еді. Бұл Оғыз намадағы *қаңлы* атауының шығу төркіні туралы аңыздың ойдан шығарылғанын дәлелдейді. *Қаңлы* сөзінің жасалу тәсілімен

пайда болған этнонимдер – *мұңғыл*, *саңғыл* атаулары. *Мұңғыл* атауы *құнқ*~*бұнқ*~*мұнқ* сәйкестігінен туған. *Қоңырат* руының құрамына кірген *маңғыт*(ай) ел атауы да осы *манқ*~*мұнқ* атауымен түбірлес сөз. “Қазақ шежіресі” [14] кітабындағы Сайдаккожа Жүсіпұлының көрсетуі бойынша *маңғытай* руы *маңғыт* және *қытай* руларынан құралған. Бұл дерек ру атауының өзгеріс жүйесінен де көрінеді: *маңғытқытай*> *маңғытқтай*> *маңғытттай*> *маңғытай*. Бұл екі руды біріктірген *Саңғыл би* еді дейді. *Саңғылдар* (Қоңырат ішіндегі ру) қазір өздерінің тегін осы *Саңғыл биден* таратып жүр. Бұл біздіңше, кате түсініктен туған. *Саңғылдар* өте көнеден келе жатқан ру. Ол - *қанқ*~*санқ* сәйкес-түрінен пайда болған атау. Осы екі сәйкестік *қаңғыл*~*саңғыл*, *қаңлы*~*саңлы* секілді ру атауларының пайда болу сәйкестігінен де көрінеді. *Саңлы* атауы XIII ғасырдағы оқиғалар желісінде ұшырасады. “Ахуал Чыңыс хан уа Аксак Темүр” (Қазан, 1820) атты кітапта [15] Шыңғыс ханды хан сайлауға Жетісудан он би барады да, *Қоңырат*, *Қытай*, *Селжұт*, *Қият* руларының билері “өз ханымыз бар” деп бармай қояды. Бірақ барған билерге қоса бұл билерге де *ұран*, *таңба* бөлінеді. Сонда: *Қоңырат би Арғалы Саңлы*: *ұраны* – *қоңырат*, *таңбасы* – *ай*, деп жазылған. Мұндай *арғалы* сөзімен жазылу *қият* руында да бар. Біздіңше, бұл Қоңырат тайпасы атынан *Саңғыл* руының биі аталған сияқты. Сайлауға барған он бидің ішінде өз аты аталмай ру атымен аталғаны кездеседі. *Мұңғыл* деп монғолдар өздерін осылай атайды. Бұл – көне түркі тіліндегі *мұнқ* *іл* тіркесінен туған атау. Шыңғыс ханға дейінгі монғолдар түркі тілдес болған. Бұл Шыңғыс ханның өзінің және әкесі Есугей батырдың түркілермен тікелей сөйлесуінен, әрі күйеу, әрі құда болуынан байқалады. Мүмкін монғолдар сол кезде қан жағынан да, тіл жағынан да сібір халықтарымен әжептәуір аралас болған болар. Бірақ өздері түркі тілін жақсы білген болуы да ықтимал. Қалай болғанда да қазіргі тілі бөлек *мұңғылдар* бұрынғы *қанқпен* тектес *мұнқ* атауын қабылдағаны айқын, немесе сібір халықтары көптеп келіп көне түркі тілдес *мұңғылдарға* қосылып, атауын қабылдап, қаны да, тілі де аралас елге айналған деуге де болады. Бұлай тұжырым жасауға дәлелдер жеткілікті. Қазақ құрамында *маңғыт*, *манақ* сияқты *манқ* түбірінен тараған ру атаулары көп табылатыны аян. *Жалайырлар* құрамындағы *сырманак*, *шуманак*, *бірманак* ру атаулары осыған дәлел бола алады. *Жалайыр* атауы *Яғлақар хан* атауынан *йағлақар*> *йайлақыр* > *йалағыр*> *жалайыр* болып өзгеріске түсуден туған тәрізді. Бұрынғы *манқтар* *Яғлақар ханның* қарауында болып, кейін сол атты өздері иемденген деп болжам жасауға мүмкіндік бар. *Маңғыстау* жер атауының көне түрі *Манқышлағ* [16] аталған. Бұл да *манқ* ел атауымен байланысты туғаны кумән тудырмайды. Өйткені М.Қашқари оны “Оғыз еліндегі бір жер” деп түсіндіреді.

*Құнқтармен* тектес елдің бірі – *Қоңырат*. Ол атаудың өзгерісі – *қонқ* *ұрқы* – *от*> *қонқұрқот* > *қонқырқат* > *қоңырқат* > *қоңырат* болып келеді. Қытай жазбаларында “сиуннулер ұрпағын *гуту*” дейді [12, 34] деп көрсетеді Қ.Салғараұлы. Бұл сөздің *ұрқұ* –*от* тіркесінен туғаны айқын аңғарылады. Көне түркілер және олардың ата – бабалары *құнқтар* өздерін *күннен тараған*

сәулелер, оттармыз деп санаған, жат жұртқа да солай түсіндірген. Бұлай ойлаудың негізінде табиғи шындық – бүкіл тіршіліктің түп – тегі күн және оның сәулелері жатқандығын шынайы ұғу себебі жатыр. Қонырат құрамындағы қоңыршұнақ < қонқ // шонқ; жиенбет < йөнкбет (бет < бод // бот): құрбан < құт ~р банқ (банк ұлы); тіней < тенк оқ // ек (тенк ұлы) > тінкек > тінгег > тінег > тіней; көтен < көктенк; алғый < алқынқ (ұлы кынқ) > алқын > алғын > алғый ру аттары - құнқ варианттарынан шыққан атаулар. Қоңырат // құнқтардың көне ой-танымы бүкіл әлем жаратылысы – көк // тәңірі // аспан, оның ұлы күн, оның ұлдары - оттар, сәулелер – деген ұғым көктің ұлы < көк тонқ ұғлы, көтенші < көк тонқ ұғышы (ұғыш – тайпа, ел [17]) аталар атауынан-ақ айқын аңғарылады. Көктің ұлы атауы көк тонқ ілі (елі) тіркесінен калыптасқан деуге де болады. Екі атау да бір ұғымнан тууы ықтимал. Екеуі екі түрлі аталудың нәтижесінде және шежіредегі атаға бөліну дәстүріне сай екі ру атына айналған тәрізді. Сондай-ақ хунгар (венгр) да құнқтармен байланысты атау екені шүбә тудырмайды.

Үйсін атауы да құнқпен тектеседі: құ сұнқ > кү сүнк > үкүсінк > үгүсін > үйүсін > үйсін (құ – “ұлы”). Танқ ~ тонқ сәйкестігінен танққұт > танқұт > танғұт; тонқ > оғұл от > тонғұлот > тоңғұлот > тоғұлот > туглат // дуғлат > дулат ру атаулары тараған. Қанқ ~ банқ сәйкестігінен ала банқ > алыбанқ > алыбан > албан (ала – “ұлы”) ру аты туғанын көруге болады. Құнқтармен тегі бір, жері көрші тарихи ел қытай жазбаларында юечжи [20, 42] аталады. Тарихшы Н. Мыңжани оларды ұлы йозылар [18] деп транскрипциялап аударарды. Ұлы йозы казакша ұлы жүз деген мағынаны білдіретіні белгілі. Бұл жүзге бөліну дәстүрінің ежелгі дәуірден келе жатқанын дәлелдейді. Біздіңше, бұл юечжилер казак құрамындағы алшын руы. Алшын атауындағы ал (ала – “ұлы”) ежелгі ала йүз // чүз “ұлы жүз” атауынан қысқарған түбір де, шын “шынқ” түбірінің калдығы. М. Тынышбаев Геродоттан Днепр өзенінің бойындағы алазон [19] тайпасының атауын келтіреді де оны алшын атауымен сәйкестендіреді. Бұл біздің дәуірімізге дейінгі V – ғасыр. Ал Қытай дерегіндегі юечжилердің қоныс аударуы б. д. д. II – ғасыр. Бұдан кейбір тарихшылар айтып жүргендей көне түркі тектес халықтар қиыр шығыстан қиыр батысқа ұлы көш жасап түпкілікті қоныс аудармаған, тек қана өзіне тиісті, меншікті ата мекен аумағында емін-еркін көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан деген қорытынды туады. Яғни, олардың тұрғылықты территориясы қиыр шығыстан қиыр батысқа дейінгі ұлан-байтақ далалық өлке болған. Уақыт өте келе басқа халықтар көбейіп, жерлерін жырымдап ала берген. Тарыла-тарыла келе орталығы, қазіргі Қазақстан Республикасының аумағы ғана еншісіне тиді. Алшын атауының жасалуы өздерінің тектес, туыстас елдері үйсін, албан тәрізді ру аттарының жасалуымен ұқсас. Ала чүз шынқ “ұлы жүз шынқ” болып та, ала шынқ болып та атала берген. Содан қытайлар ала чүзді “юечжи” деп атағаны байқалады. Ал ала шынқ > алшын атауы шамалы ғана өзгеріспен қазірге дейін жетіп отыр.

Қаңлы мемлекеті жөніндегі пікірлерінде ғалымдардың көпшілігі [13; 18; 20] Қытай мәліметтеріне сүйенеді. Онда қытай зерттеушісі мемлекет атын *Кангюй* деп жазғаны айтылады. Мұнда бір көңіл аударатын мәселе қытай сөздеріндегі *юй, юе* морфемаларының түркі сөздеріндегі *л* (іл, ел, ал, ұл, үл) дыбысына сәйкес қолданылуы деуге болады. Мысалы, *кюе* “Күл (тегін)” *тюкюе*, “түрк елі”, *юебань* “ұлы бан”, *юечжи* “ұлы жүз”. Сол сияқты *кангюй* де “канг елі” болып транскрипцияланады. Бұл сөз болып отырған *қаңқ елі* тіркесінің дұрыс оқылғанын дәлелдейді. Қытай деректерінде қаңлы елінің бес бөлікке бөлінетіні, билеушісінің **Битянь** қаласында тұратыны айтылады. Ал Битянь қаласы *Лоюени* елінде болғаны айтылған [20]. Лоюени сөзін А.Н.Бернштам *ұлұғ ене* деген мағынаны білдірген [13] деп түсіндіреді. Біздіңше, бұл *ұлұғ йанқ* деген тіркестен туған. *Йанқ канк* атауының екінші нұсқасы. *Кангюй* аумағы үшке *Ұлұғ Йанқ, Орта Йанқ, Кіші Йанқ* болып бөлінген тәрізді. М.Қашқари *Йәкен* деген қала атын келтіреді [16]. Бұл *Йанкенттен* қысқарған атау болуы керек. *Йанкент* атауын ғалымдар *Янгикент* сөзінен туған деп қате түсіндіріп келді. Бұл, біздіңше, *Йанқкент* “қаңлы қаласы” деген атаудан туған. *Қаңқ елінің* астанасы **Битянь** – Отырардың маңайындағы көне **Көк Мардан, Пышық Мардан, Күйік Мардан** қалаларының бірі. Бұл қалалар археологтар тарапынан жақсы зерттелген деуге болады [21]. Археологтардың мерзімдеуі бойынша V – VII ғасырға жататындары Көк Мардан мен Пышық Мардан (бұлардың төменгі кабаттары әлі зерттелмеген), ал Күйік Марданды I – XIV ғасырларға жатқызады. *Күйік* сөзі *күнқ* атауынан өзгерген болуы ықтимал: *қаңқ~ күнқ> күнік> күйік*. Қытай тілінде *р* айтылмағандықтан *Мардан // Бардан // Бартан* атауын *Битянь* түрінде жазғаны байқалады.

Қаңлы мемлекетіне қатысты деп саналатын Орхон ескерткіштеріндегі *кеңерес* (КТү 39), *Кеңү Тарман* (КТү 21), *Темір қапығ* (КТк 2) сөздері. *Темір қапығ* сөзі Күлтегінде алты рет, Тонұқұқта (45, 46) екі рет қолданылған. *Кеңерес, Кеңү Тарман* сөздері тек Күлтегінде бір-ақ рет жазылған. Бұл қолданыста да *Кеңү Тарман* тіркесі *Темір қапығ* атауының варианты ретінде тура сол мағынада қолданылғаны байқалады. Онда былай дейді: *Құрығару Темір қапығқа тегі сүледіміз* (КТү 17) “Кейін Темір Қақпаға дейін жорық жасадық”, *Құрығару Кеңү Тарманқа тегі түрк бұдұнығ анча қонтұрдымыз* (КТү 21) “Кейін Кеңү Тарманға дейін түркі халқын сонша қондырдық”. Археолог ғалым К.Байпаков еңбегінде [20, 61] С.Кляшторныйдың *Кеңү Тарман* деп Сырдарияның ортасындағы *қаңлы – қаңғар – кеңерес* мемлекеті орналасқан жерді атағанын, ал Ф.Хирттың *Кеңү Тарман* деп *темір қапығты* айтқан деген пікірін келтіреді. Сондай-ақ, С.Кляшторный “*Тарман // Тарбан* Отырар қаласының бұрынғы аты, ол Қаңлы мемлекетінің астанасы” деген де пікір білдірген. Бұл жерде ең алдымен *кеңү, кеңерес* атауларының мағыналарын ашып алу керек. Сонда *Тарман // Тарбан* атауының мәнін ашу онайлайды. Жоғарыда айтқанымыздай көне түркі қағандары Сырдарияда орналасқан ел атауын *оғыз* деген. Яғни, *қаңлы* атауы ол кезде *оғыз* атауына жол беріп, тек *ру* атын білдіруге көшкені байқалады. Біздіңше, *кеңерес* атауы

тарихи мәліметтерде айтылатын *қанғар* // *кенгер* этнонимімен түбірлес сөз. Бұл атау *қанқ арысы* тіркесінен туған. *Арыс* сөзі *тайпа*, *ру* мағыналарын білдірген. Ал *кеңу* сөзі *қаңлы* атауын білдіру үшін қолданылмаған. Орхон ескерткішінде жорық жасаған, түркі халқын қондырған күн батыстағы ең шеткі меже *Темір Қапығ*, *Кеңу Тарман* аталады және осы жақтағы бұрынғы тұрғын халықтар *соғдақ*, *тәжік*, *тоқарды* (Тон. 5, 46) бағындырғаны аңғарылады. Бұдан *Кеңу Тарманның* Сырдың орталығында емес *соғдақ*, *тәжік*, *тоқар* мекендеген қиыр шетте екенін сеземіз. Біздің *Кеңу Тарманның* білдіретін мағынасы жайында үш болжамымыз бар. Бірінші – *Тарман* // *Дарман* атауы *Ферғана* қаласының көне түркілік аты болуы ықтимал. Өйткені, Қытай деректерінде Ферғананы *Даван* деп атаған. Бұл түркілік *Дарбан* атауындағы *р* дыбысын түсіріп айтудан туған деуге болады. Екінші – *Дарман* атауы Афрасиабтың баласы салдырып, өз атымен Барман [16, 18] атаған қала атымен сәйкес тууы да мүмкін деп білеміз. Онда *Барман* // *Тарман* Ферғананың көне аты болады. М.Қашқари Барман қаласы *Йұңу* өзенінің қасына салынған дейді. Мұндай жағдайда *Кеңу* атауы *Йұңу* атауымен сәйкес аталған өзен аты болып шығады. Үшінші – *Кеңу Тарман* атауының мағынасы *темір қақпа* мәнін білдіруі мүмкін. Немесе осыған жақын *Дарбант* // *Дербент* сияқты қала атауынан қысқарып пайда болуы да тіл заңына қайшы келмейді. Тілші ғалымдар *қақпа*, *есік* мәнін білдіретін *дар*, *дарбаза* сөздерін парсы сөзі деп түсіндіретіні мәлім. Егер түркі тіліндегі *тар*, *тер* түбірлес сөздерге тереңірек зер салып карасак, онда *дар*, *дарбаза* сөздері де түркі тілдеріне жат сөздер емес екенін ұғар едік. Есік сөзін түбірге бөлсек, түбірі – *ес*, *ас*, – *ік* – қосымшасы болар еді. *Е* дауыстысының алдында *й* дауыссызы болатынын ескерсек, *йес* болатыны белгілі. *Й*~*т* сәйкестігіне орай *йес* сөзінің сәйкес-түрі *тес* болатыны аян. *Тес* сөзіне –*ік*, қосымшасын жалғасак *тесік* сөзі шығады. Бұдан *тесік*~(*й*)*есік* сәйкес сөздері пайда болады. Бұл тәсіл арқылы біз (*й*)*ес* сөзінің ежелгі мағынасы *тес* сөзімен бір болғанын түйсінеміз. Мұндай жағдайда (*й*)*есік* сөзінің ең алғашқы мәні *тесік* сөзі білдіретін *ойық* немесе орысша *дыра* сөздерінің мағынасы екенін аңғарамыз. Түркі тілдеріндегі *р*~*з* сәйкестігін қаперге алсақ, *тес* сөзінің сәйкес-түрі *тер* болатыны мәлім. Бұның жуан түрі *тар* // *дар* болады да, мағынасы *тес*~ (*й*)*ес* сөздерімен бірдей мәнді білдіреді. Және көне дәуірдегі *тарбан*(*т*), *дарбаза* сөздерінде сол мәнде қолданылған. *Тесік* мәніндегі *дар* (ағашы) сөзі тілімізде әлі де қолданылады. Орыс тіліндегі *дыра* түбірі де көне *тар*~*дар* сөздерінің сәйкес-түрі, яғни, түркі сөзі екені көрініп тұр. *Дарбаза* сөзіндегі *база* түбірі парсыша *боза* болып айтылады. Бұл да түркі сөзі. Яғни, есіктің *босағасы* деген сөздегі *боса*~ *боза* түбірі. Бұл – екі сан есім мағынасын білдіретін сөз. Ол мағына орыс тіліндегі *косяк* сөзінде сақталған: *Кос* + *як* ~ *қос* + *йяк* “екі жақ”. Бұл тілімізде “есіктің екі жақтауы” болып та айтылады. Бұдан *босаға* <*босақа*< *бос йяқы*~ *қос йяқы* сөзінің мағынасы да “екі жақ” екенін ұғамыз. Мұндай талдаулар *дар бос йяқы* > *дарбаза* сөзі көне заманда “есіктің екі жағы” мәнінде қолданылғанын дәлелдейді. Бұл тұжырым *Дарбант*~*Дербент* атауының мағынасы *қақпа қала* болатынан көрсетеді.

Өйткені *бант* сөзі *қанд-қант* сөзімен сәйкеседі. *Темір қақпа* мәселесін тәп-тәуір зерттеген М.Барманқұлов [22] темір қақпалардың шындығында өмірде болғандығына көптеген мысалдар келтіреді. Келтірілген мысалдарға қарағанда темір қақпалар екі жағы тау қысыңқы жолдарға орнатылған сияқты. Ол қақпаларға темір қоңыраулар орнатылғаны туралы да “Сиюй-цзи” шығармасынан үзінді келтіреді. Мұнда темір қақпаның Тухоло мемлекетіне шектесетіндігі айтылады. Бұл Тонұқұқта да жазылған: *Темір қапығқа тегіртіміз. Анта йантурдымыз. Інел қағанқа ... тәжік, тоқарысын* (Тон. 45), “Темір Қақпаға жеттік. Содан қайттық. Інел қағанға тәжік, тоқарды...” Тонұқұқ: “бұған дейін түркілерден *темір қақпаға* ешкім жетпеген еді, біз жеттік, сол үшін сары алтын, ақ күміс, қыз-қырқын, сыйлы керуендер есепсіз келіп жатты” (Тон. 48) дейді. Яғни, *темір қақпаның* ролінің тым жоғары болғанын осыдан байқаймыз. Темір қақпаның жан-жақты қызметі болғаны аңғарылады. Оның соғысқа, шекараға, алым-салық алуға т.б. қатысы үлкен зерттеуді қажет етеді. М.Барманқұлов темір қақпалардың біреу-екеу емес, көп болғанына мән береді. Олардың Дунайда, Босфорда, Қырымда болғанын, сондай-ақ Дербент пен Термез қалаларына жақын жерде де болғанына Де Клавихо сияқты саяхатшылар еңбектерінен мысалдар келтіреді. Дербент қасындағы *Хазар қақпасын* парсылар *Дер-и Ахенин*, арабтар –*Баб ал-Хадид* [22, 70] атағанын айтады. Бұлар *Темір қапығ* атауының сөзбе-сөз аудармасы. Түркілік *Темір қақпалар*, біздіңше, ең берісі Афрасиабтан басталған сияқты. М.Қашкари *Мару* қаласын Афрасиаб салдырған [16, 17] дейді. *Мар-Бар-Дар* сәйкестігін ескерсек *Мару* сөзі *қақпа*, *есік* мағынасын білдіреді. *Термез* атауы да *есіктің екі босағасы* мағынасын білдіретінін жоғарыдағы талдаулар анық көрсетеді. *Ферғана* атауы парсыша *фар-дар-и ахенин* тіркесінен туғанын байқауға болады. Мұндағы *фар-дар* түбірі парсыларға өткен түркі сөзі. *Ахан-ахен* “темір” сөзіне де ден қойсақ *қанқ-кенк* “темір, металл” сөзімен тамырлас екенін көреміз. Ойымызды түйіндей келгенде Орхон ескерткішіндегі *Кеңу Тарман* Ферғана мен Термез қалаларының бірінің атауы деген тұжырым жасаймыз. *Кеңу* сөзі *кенк* “металл, темір” сөзінің өзгерісі. Ал *Тарман* мен *Термез* қалаларының алғашқы толық аты *Тар боз бант* “қақпа(лы) қала” болған болуы ықтимал. Бұл екеуінің бірін таңдайтын болсақ, *соғдақ*, *тәжік*, *тоқар* халықтарының негізгі мекені Ауғанстанға ең жақын *Термез* қаласына тоқтаймыз.

*Қаңлы*, *оғыз мемлекеті*, *түркі қағанаты*, *түргес елі*, сондай-ақ құнқтардан тараған *қоңырат*, *алшын* (Түркменістан) рулары мекендеген жер, ел атаулары **түрік** атауымен байланысты болып келетіні мәлім. *Түрік* атауының шығу төркініне байланысты ерте замандағы оқымыстылардан бастап қазіргі жазушы-ғалымдарға дейін сан алуан пікірлер айтып келеді. Оған тоқталып жатпаймыз. Олардың бәрі де тарих көшінде кейін пайда болған мағыналар екені көп дәлелдеуді қажет етпейді. Біздің анықтауымызша **ТҮРІК** сөзі **ЙАРЫҚ ~ЖАРЫҚ** сөзінің көне дәуірдегі сәйкес-түрі. Жоғарыда айтып өткеніміздей көне құнқтар өздерін *күн сәулесінен тарағанбыз* дегені қазір жасырын емес. Осы тіркесті *күн сәулесінен жарағанбыз* десек те сол

мағынасында түсінетініміз аян. Яғни, *йаралу~жаралу~таралу* сәйкестіктері *түрік~төрік//тарық~торық~йарық~йорық~йөрік~йүрік* (баска да ә, е, і, ы, ұ дыбыстарындағы сәйкестіктерін қоса алғанда) сөздерінің сәйкес-түр екенін толық дәлелдейді. Бұған қосымша тіліміздегі **терезе** “окно” сөзінің шығу төркінін де дәлел ретінде келтіруге болады. Бұл сөз *терк+(й)ес+ек>теркесек>тергезек>терезе* өзгерісінен пайда болған деуге болады. Бұның мағынасы “жарық есігі” болып шығады. Көне құнқтар өздерін *құнқтармыз* “күндерміз”, *құнқ түркіміз* “күн жарығымыз, сәулесіміз” деп атаған. Уақыт өте келе *құнқ* атауы калып **түрік** атауы орныққанын байқаймыз. Егін мағынасындағы *тарық~тарығ* және дәрі-дәрмек мағынасындағы *дәрі~дары~дәру~дару* сөздері де “жарық” мағынасымен байланысты сөздер. Бұлар *от* “шөп” мағынасының пайда болуымен сәйкес, күн сәулесінің дүниеге тарауы арқылы болатын құбылыстарға негізделген. *Тарық~йарық* сөздеріне сәйкес сөздің бірі – *сарығ~серіг~зеріг* “алтын, сары” сөзі. *Алтын* кейін шыққан сөз. Тіліміздегі *сырға, сірге, зер* сөздерінің мағынасы алтынмен байланысты болып, соның негізінде жасалғаны аңғарылады. Ал бұл атаудың шығу тегі де жарықпен ұштасып жатыр. Ұлы жүз құрамындағы *сіргелі* руының аты *түрік* сөзінің бір нұсқа-түрі: *түрік~тірік~сірік елі >сірігелі >сіргелі*. Ру таңбасы *сірге* “мал тұмсығына тағатын істік” сөзінің екінші мағынасына сәйкестендіріліп алынуы мүмкін жағдай. Көне **АР, АЗ** ру аттары **ЙАР(ЫҚ)~ЙАЗ(ЫҚ)** сөздерінен бастау алған деуге болады. Бұл атаулар арғын, қырғыз, ұйғыр, оғыз (найман) руларының ежелгі рулық аттары деп ойлаймыз. Көне түркі ескерткіштеріндегі *арығ* “таза, ару” сөзі осы *йарық~йарығ* сөзінен шыққан. Бұл *от, сәуле, жарықтың тазалығы* негізінде дүниеге келген мағыналар екені шүбә тудырмайды. Осындай *тазалық, әділдік, ақиқат, дұрыстық* т. б. да мәндердегі *төре, жөн, шын, заң, жарғы, жора, жосық, жол, дәстүр, салт* секілді сөздер – “күн, сәуле” мағынасындағы *шынқ~занқ~йөнк; йарық~йорық~торық~төрік~йосық~дәсік~йолық; йалт~салт* сөздерінен туған төркіндес колданыстар.

Жоғарыда аталған “Қазақ шежіресі” [14, 111] атты кітапта жазылған ұлы жүз аталарындағы *Кейкі* - “кенктен”, *Майқы* - “манктан” өзгерген атаулар. Ал *Қотан* сөзінің өзгерісі *үйсін* атауының өзгерісімен бірдей, тек *танқ* сәйкес-түрінен туған: *құ // қо* “ұлы” *танқ* “күн”. Ұраны *Бақтияр* да “күн, от, жарық” мағыналарын білдіретін *Банқ от йарұқ(ұ)* тіркесінің өзгерісі. Қаңлының ұраны *Бәйтерек* - “ұлы түрік” мағынасын білдіретін сөз. Сарыүйсіннің ұраны *Байтоқ* сөзінің мәні *Бай тонқ* “ұлы тонк (күн)”, Алпамыс жырындағы *Жиделі Байсын* тіркесінің мағынасы “*от елі>от елі>үт елі >ійтелі> Жиделі, Бай сұнқ* “ұлы сұнқ(күн)” жері” дегенді білдіреді. Қоңырат руының ұраны *Алатау* “осы есімді бір батыр аты екен” деген не аңыз екені, не тарихи мәлімет екені белгісіз бір дерекке сүйеніп айтылады. Біздіңше, бұл атау да көне заманнан келе жатқан *Ала* “Ұлы”, *танқ>таңқ>тақ>тағ >тау* “күн” мағынасын білдіретін тіркестен туған. Көне дәуірде *ұлұқ танқ* аталып кейін *Алатауға* өзгергені байқалады.

Қонырат руының таңбасы **П** босаға аталатыны белгілі. Бұл қақпа. есік. дар-мар болып та айтылатыны туралы жоғарыда біршама сөз болды. Бұл таңба “Күннің шығатын есігі, қақпасы, босағасы, дары” деген мағынаны білдіретін Қиыр Шығысты таңбалау үшін алынғаны күмән тудырмайды. Алып Ер Тонаның, Оғыз қағанның **МАРДАН** есімінің жоғарыда айтылған мағыналарынан өзге *темір қақпа* мәні де бар. Мүмкін әлемнің сан түкпіріндегі темір қақпалар күңктардың аттарының тұяғы жеткен жерді білдіру үшін қалдырып кеткен таңбалары болар.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. Алматы. “Санат”, 1996, 7- б.
2. Бекжан О. Енесей ескерткіштеріндегі белгісіз бесінші бірігінкі дауыссыздардың мағынасы мен таңбасы // “Тілтаным”, 2001, № 2, 99- б.; Көне арғын мемлекеті және оның жазуы // Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер. Алматы, 2001, 476- б.; Арғын этнонимінің шығу төркіні туралы // “ҚР Бж ҒМ ҰҒА Хабарлары”, 2001, № 4, 39- б.
3. Байчоров С.Я. Древнетюркские рунические памятники Европы. Ставропольское книжное издательство, 1989, 90-91- бб.
4. Бекжанүбірі О. Надыр күл жазулы ескерткіштің мағынасы // Сауранбаев және қазақ тіл білімі. Алматы, 2000, 123- б.
5. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Алматы, 1988, 65- б.
6. Малов С.Е. Енисейская письменность тюрков. М.-Л., 1952, 94 б.
7. Васильев Д.Д. Корпус тюркских рунических памятников бассейна Енисея. Л., 1983, 32, 70, 110 - бб.
8. Бекжан О. Енесей ескерткіштеріндегі белгісіз алтыншы бірігінкі дауыссыздардың мағынасы мен таңбасы // “Түркология”, 2002, №1, 36- б.
9. Древнетюркский словарь. Л., “Наука”, 1969, 116- б.
10. Мырзахметұлы М. “Түркістан Тараз арасы...” Астана, “Білге”, 2002, 189- б.
11. Мұхаметшин Д.Г., Хакимзянов Ф.С. Эпиграфические памятники города Булгара. Казань, “Татарское книжное издательство”, 1987, 67- б.
12. Салғараұлы Қ. Сиунну. Алматы, “Санат”, 1998, 18- б.
13. Маргулан А.Х. Мир казаха. Алматы, “Институт развития Казахстана”, 1997, 39-44- б.
14. Бейсенбайұлы Ж. Қазақ шежіресі. Алматы, “Атамұра-Қазақстан”, 1994, 103- б.
15. Ата тарих айғақтары (Қ.Өмірәлиевтің туғанына 70 жыл толуына). Алматы, 2001, 27- б.
16. Қапқари М. Түбі бір түркі тілі. Алматы, “Ана тілі”, 1993, 16- б.
17. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. М.-Л., 1951, 403- б.
18. Қазақтың көне тарихы. Алматы, “Жалын”, 1993, 58- б.
19. Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа. Ташкент, 1925, 23- б.
20. Байпаков К.М., Елеуов М.Е. Кангюй, Кангха, Кангу Тарбан// “Түркология”, Түркістан, 2002, № 1, 56- б.
21. Байпаков К.М., Подушкин А.Н. Памятники земледельческо-скотоводческой культуры Южного Казахстана. Алма-Ата, “Наука”, 1989, 28-78- бб.
22. Барманқұлов М. Тюркская вселенная. Алматы, “Білім”, 1996, 51 – 92- бб.

Сайран ӘБУШӘРІП

(Түркістан)

## АФРАСИАБТЫҢ ЭТНОТЕГІ

*В статье рассматривается этногенез Афрасиаба-Алп Ер Тонгы. Makalade Afrasyabın etnik soyu anlatılmaktadır.*

Европалық, орыс және ирандық зерттеушілер Афрасиабты иран тектес деп біледі. Мысалы: Француз ғалымы Жан Пауль Роухтың пікірінше, орта ғасырларда түріктер тарапынан Ирандық қауымға жататын самарқандтық Афрасиабты түрік деу белең алып, ол Алп Ер Тоңамен тәндестірілді. Мұндай қисын Иран дастанының ықпалынан тұындаған еді [1]. “Авестода” айтылған Афрасиабты әл-Бируни Тұранның қожайыны, түріктердің Атасы деп білді. Ал қарахандықтар болса (олардың мемлекетінің негізін қалаған жан-Сатұқ Боғра), өздерін Афрасиабтың ұрпақтары ретінде таныстыруға бейім тұрған еді.

Бұл қисын Бирунидің Түрік мемлекетін құрған қарахандықтар Афрасиабтың ұрпақтары еді дегенінен көп бұрын орныққан болатын. Б.д. II ғасырындағы түріктердің ата жұрты Тұран болған деген тұжырым орныға бастағанда, отырықшы қауымдарға қарсы соғысқан көшпенділердің батырлары да түрік билеушілері болған деу белең алды. Әсіресе, б.д. II ғасырынан бергі заманда Тұран атауы – Түркістан, тұрандықтар-түріктер деп атала басталғанда түрік ғұламалары Афрасиабты түріктен шыққан патша ретінде қабылдады [2].

Ж.П. Роух нендей деректерге сүйеніп Афрасиабты ирандық деп атағаны жайлы хабарламайды. Оның бұл болжамы, сөз жоқ, тұрандықтар мен ирандықтар қандас тайпалар болған деген пікірге негізделеді. Олай болуына төмендегі жағдайлар себеп болғанын айта кеткен жөн:

- 1) Бұрындары Тұранда тек арийліктер өмір сүрген, түріктер біздің эрамызда шығыстан ауып келген деген пікір үстем еді. Мұндай психологияның қамалы әлі күнге дейін алынған жоқ.
- 2) Тұран жері ертедегі түріктердің материалдық және мәдени ескерткіштерінің қоймасы екендігі тек 1960-1990 жылдары ғана белгілі болды (Есік, Кемпір төбе, Фаяз тепа жазулары мен ескерткіштері және т.б.)
- 3) Тарихшылар мен этнологтар “Авесто” мен “Шахнама” сияқты туындылармен тереңірек танысу қажеттігіне мән бермей келді (олардағы, әсіресе түріктерге, Афрасиабқа қатысты мағлұматтар мен деректерге).
- 4) Қазақ этнологиясы көне замандарға қатысты фольклорды, әдет-ғұрыпты, салт-сананы саралауды кейінгі жылдары ғана қолға ала бастады.

Аталмыш пікірді жақтайтындардың алға тартатын негізгі аргументтері шамасы мыналар болуы керек:

- 1.Тұрандықтардың б.э.д. VII ғасырда Иранмен жапсарлас жерлерді мекен еткендігі.
- 2.Сак-скифтер мен массагеттердің иран тектес болғандығы.
- 3.Турдың Иран патшасы Фаридун ұлдарының бірі екендігі.
4. Афрасиабтың Тур әулетінен екендігі.
- 5.Афрасиабтың парсы атауы болғандығы.

“Авесто” арийліктердің шығысы мен солтүстіктегі көршілері турлар (тұрандықтар) екенін нақты көрсеткенімен, олардың этнотегінің қайдан шыққанын анық білдірмейді. Турлардың түркі тектестігі туралы мұнан гөрі “Шахнамада” тереңірек және жан-жақты баяндалады.

Дегенмен де мұқият карасак “Авестодан” да бір талай мәліметтерді алуға болады. Тур мен Иранның бөлек-бөлек елдер екендігін тұрандықтардың “Авестода” тілге алынған Аржасп Хаян (яғни Хиона, Хияона) [3], “Қара” [4], “Васак” [5], “Қумояка” [6], “Дуракат” [7] сияқты адам аттары, “Дан” (Дану), Хион және баска тур тайпаларының атаулары аңғартады [8]. Айтқандай, Хияона немесе Хион “Авестода” зардушт дінінің және Иран шахы Виштасптың дұшпаны болған халық ретінде көрсетіледі. Ол кейінірек сасандық шахтарға шығыстан шабуылдаған “Ак хұндар” болуы да мүмкін. Бірақ бұл мәліметтер де этнотек тұрғысынан нақтылық танытпайды. Соның үшін баска деректерге, мысалы “Шахнамадағы” мына бір тұстарға назар аударуға тура келеді:

Рустам Бижанды құтқармак болып Турға (Тұранға) саудагер кейпінде келгенде одан жергілікті тұрғындар, әсіресе Пирон кімсің, қайдансың деп сұрайды. Сонда ол:

Бе бозоргони зе Ирон бе Тур,  
Бе пеймудам ин рохе душбор ва дур.  
Форушанде ам хам харидор низ ...,  
Харам чорпой ва форушам гохар  
(Манижа ва Бижан, 458-б), деп жауап беріпті [9].

Аудармасы:

Ираннан сауда жасау үшін Турға келдім, қиын да қауіпті жолдарды басып өттім, әрі сатамын, сатып та аламын, мал аламын, гауһар сатамын.

“Шахнаманы” сараптағанның өзінде Жайхун, Об өзені, Қара теңіз, Қаф тауы, Қытай теңізі, Ганг теңізі, Қочқарбашы – Қашқарбашы, Ганг қаласы, Қотан, Сепидкух, яғни Ақтау дегені, Силхкух, яғни Қаратау, Қимак теңізі, Қандех сияқты жер аттары, Барман, Құман, Пашаң, Аржасп, Демур, Комус (Күміс), Халладж, Қарахан, Аланан (Аландықтар), Гуз, Макотуре, Шимр (Шымыр), Шігіл патшасы Мисре қатарлы кісі аттары мен тайпа аттары Орхон жазуындағы немесе М. Қашқари мен Ж. Баласағұни шығармаларындағы түркі тілімен де, олардың қазіргі аталуымен де сайма-сай келеді. Дону, Фрияна, Шігіл б.д.д. VII ғасырда Тұранда өмір сүрген тайпалардың ішіндегі көлемдісі болды [10]:

Суйе Мисре ном шохе чегел,  
Ке дар джанг аз у ности шир дел (685-б.)

Аудармасы:

Шігіл патшасы Мисре мен арыстан жүректі Аржасптың нұсқауымен Тұран батырлары Козрам, Андаман, Хамаш, Хушдаб бастаған Тұран әскері Гуштасп\* басқарған Иранға шабуыл жасады.

Бір ғана Сухробка байланысты айтылған жерде “Тұрандықтар”, “Тұрандық әскер”, “Тұран елі” сияқты тіркестер 28 рет, “түрік пахлаваны”, “түрікті жеңдік” сияқты сөздер мен тіркестер 3 рет қайталанған [11].

Иә, б.д.д. VIII-VII ғасырларда тұрандықтардың Тұранды мекен еткені тарихи шындық. Бұл тұрандықтар үшін өз ата жұртын әйгілеп, елдігін орнықтырып алу үшін жанталасқан канкешті аласапыран ғасырлар еді. Аталған кезеңде Тұран халқы, әсіресе оның көшпенділері Сырдария мен Амудариядан Солтүстік пен Қиыр Шығысқа, Сібірге дейінгі, ал батыста Еділ мен Жайық, Орал маңы, Қара теңіз атырауы, Кіші Азия, Кавказ және Месопатамияны қамтыған жерлерге дейінгі аралықта еркін түрде қоныс ауыстырумен болды. Олар батыстан шығысқа, шығыстан батысқа жосыды. Бірақ көптеген түрік тайпалары Тұранның Орталығында қала берді (Фрлна, Шігіл және т.б.).

Әрине, бұл елдер ру-тайпаларға бөлінді. Олар ирандық тайпалар, яғни арийліктер (ақ сүйектер) және турлар болып екі тарапқа бөлінетін. Авестада арийліктер тобына тек ирандықтар ғана жатқызылады. Ал Шахнамада турлар тобына түріктер жатқызылған.

“Шахнамада”, “Шігіл”, “Ғұз”, “Алан” және т.б. түрік тайпалары тілге алынған. Бұларға сибар, аргимпай, сақ-массагет, кең, гур, құмық сияқты басқа тайпаларды қоссақ б.д.д. VII ғасырда Тұран жерінде 10 емес, 100 шақты тайпа-рулы ел өмір сүрген болып шығады.

Тұрандықтардың бірсыпырасы б.д.д. Иранға жақын жердегі шекаралармен канаттас тұрды, ирандықтармен етене жақын қатынаста болды. Олардың билігіндегі құрамға енді. Міне, тұрандықтардың бәрін ирандық сипаттас деп қарау осыған байланысты белең алған болуы керек.

Тұран аталған кеңістіктің тарих төріне әйгілі болған тұсы б.д.д. VII ғасырдан б.ж.с. VI ғасыры немесе әйгілі Түрік қағанаттары – империялары канат жайғанға дейінгі 13 ғасырға созылған уақыт. Осынау уақыт ішінде бұл далада, аймақта Түрік, Иран тектес дүйім қауымдар қатар өмір сүріп келді. Бұл тайпалар ерте заманнан бері мәлім болса, олардың жалпы аттары арғы парсы жазбаларында Тур, ал ахеменид династиясы билік құрған кезде сака және т.б. деп айтылатын болған.

“Авестода”, “Тур”, “Тұран”, “Тура” деген атаулар кездеседі (мысалы, “Фарвардин яштта”-31 бөлім, 143-бөлікше өлең, 262-б.). Бұл сөздердің мағынасы – қорықпас, баһадүр. “Авестода” “туйря” деп аталған турлар

---

\* Гуштасп Зардуштың замандасы болған билеуші. Ол Зардушт дінінің кең жайылуына жәрдемдескен билеуші. Оның аты “Дин карт” (мағынасы- “Діни амалдар”) кітабында тілге алынған. Бірақ Гуштасп “Авесто” мен “Шахнамада” бір-бірімен үйлеспейтін мағынада бейнеленген.

Амудария өзенінің солтүстігіндегі жерлердің тұрғындары болып есептелген. “Авестодан” Тұранның бірсыпыра билеушілері – Афрасиаб, Ағрирас, Гарсиюз, Виса отбасының ұлдары [12] – Ювойишт [13], Аржаспа [14] және басқалар; тайпалар – Дану [15], Хюн [16], Фрилн [17], Виса хакында мәліметтерді алуға болады.

Иран дастандары мен түрік аңыздарында (М. Қашқари) Қашқар (Ордакент) мен Шу алабын ордабасы еткен ұлы патша Афрасиаб (=Тоңа Алп) Мидия мен Ассирия билеушілерімен бір заманда өмір сүрген деп көрсетіледі. Ол көне Үнді аңыздарында турадан тура “Сак билеушісі” деген атпен белгілі [18]. Осыны инабатқа алған ғалымдар (В. Аристов пен Е. Майер) Түрікті Сакалардың бір ірі бөлігі деп қарастырған-тын [19]. Аристов тіпті Якуттерді, Сібірдегі “Сагай” түріктерін және қырғыздардың “Сайак” тайпасын көне сактардың ұрпақтары деп білген [20]. Ал тұрандықтарды түрік тегіне жатқызған лектің көш басында Фирдаусидің өзі тұр. Тұрандықтардың түрік тегі туралы фирдаусилық қисын-қағиданы М. Қашқари, Ю. Баласағұни, Джовейни, Табризи ұстанды, ал ХІХ-ХХ ғасырда шығыстанушы ғалымдар: З.Тоган, В.Аристов, Е.Майер және басқалары қолдады.

Ахеменидтер (Ахмонилар) заманында Иран шегарасы солтүстікте Сырдария, Каспий теңізі, Үлкен Кавказ таулары, Қара теңіз, ал шығыста Синд өзені мен Пенджабтың бір бөлігі бойынша тартылып, тиянақталды [21]. Әлбетте, бұл жерде ирандық автор Х. Қахрай ирандықтардың Сырдарияға дейін әскер тартып келгенін назарда ұстаған болуы керек.

Кайхысрау тұсында да Иран – Тұран шекарасы Амудария бойымен тиянақталды. Баяғысынша Джайхуннан өту шекараны бұзу болып есептелді:

Ке лашкари безназдике Джейхун расид,

Хаме руй кешвар сепях гостарид (545-б, Кайхысрау мен Афрасиаб соғысы)[22].

Осы тұстан бастап грек жазбаларында Амудария Окс деп, Тұранның солтүстік батысын мекендегендер скифтер, ал парсы деректерінде турлар немесе сакалар елі деп аталған. Демек, “ОКС” – оғуз деген тайпа атының жер-су атында сакталған түрі болуы мүмкін.

Бұл ретте мына бір жәйтті алға тарта кетейік: ағылшын тіліндегі “Оксфордтың” “ОКС” (оғуз, өгіз) және “форд” (өткел, көпір) деген екі сөзден құралғандығы белгілі. Орта ғасырларда бұл жерде мал базары болған. Сол жерде бір оқу орны ашылып, уақыт өтісімен ол үлкен университетке айналған екен. Қазіргі уақытта ол “Оксфорд университеті” деп аталады.

Тур атауы тек бір тайпаға қойылған ат емес. Дүйім сак-массагеттер мен скиф-киммерилердің құрамында қазіргі казак, өзбек, қырғыз, түрікменді құраған басқалай тайпалар да болды. Бұл тайпалардың мекені Амудария, Сырдария, Жетісу, Ертіс, Іле, Орхон өзендері, Сібір ормандары, Хаңғай таулары және Моңғол үстіртімен сабақтас жатыр. Оларды Фирдауси түріктер деп таныған.

Тур, Тұран билеушісінің “Афрасиаб” атауы түрікше емес. Ол көрші ирандықтардың берген атауы. Әлбетте, қайсы бір ұлыс-тайпаның атына қарап этникалық тегін анықтау мүмкін емес. Айналамызға зер салып қарасақ, көпшілік елдердің ат айдарын ұлыс-тайпалардың өздері емес, олардың елі мен жері, тұрмыс салты мен затына қарап көршілері қойғанның куәсі боламыз. Мысалы, түріктер маньчжурлықтарды дене бітіміне орай “шүршіттер”, ал қазақтар ұйғыр мен өзбектерді отырықшылдық және сауда тұрмысына қарап “сарттар” деп атаған. Ал ирандықтар мен тұрандықтар ұзақ уақыт бойы қоян-қолтық өмір сүргендіктен, бір-біріне қалай да ат қойып айдар тағуына боларлықтай мүмкіндігі болған.

Бұл Иран мен Тұранға тән кейбір ортақ ерекшеліктердің болуы олардың қандас туыстығы дегеннен гөрі сол кездегі экономикалық-мәдени тағдырының және жерлерінің ұштасқандығынан туындаған десек қисынға сиятындай. Бұлардың этникалық, тіл, мәдениет және саяси жақындығы туралы тарихта ешбір мәлімет жоқ. Осы екі туынды (“Авесто” мен “Шахнама”) бойынша, тұрандықтар Иран және оның билеушілері үшін “ата жауы” саналатын. Сондықтан тұрандықтар мен ирандықтар арасындағы соғыс сыртқы, еларалық соғыс тұрғысынан қаралуы керек. Ахеменидтер, одан кейін сасанилер шығысы мен солтүстігіндегі көршісі Тұранмен жайы жараспай көп дауласты, көп соғысты. Бір ғасыр емес, бір неше ғасыр бойы, тіпті біздің заманымыздың I мыңжылдығы мен II мыңжылдығының басында да қырқысып жүрді. Көрші отырған, салт-сана, мінез-құлқы, тілі, мәдениеті жағынан туыстас тайпалардың арасындағы дұрдараздықтың осыншама тарихи уақытқа созылуы мүмкін бе? Ақыры, ирандықтар Афрасиабты өлтіріп тынады, ал тұрандықтар болса, олардан өш алуға бел байлады ...

Қарахан қосындарын талқандағаннан кейін Қайхысрау мен Рустамның біріккен әскерлері Гангда ұшырасты. Алп Ер шөлге шегінді. Гангидиз (Кенджида), Ганг (Қаң) қаласы орналасқан аймақ Күлтегін жазуында Қаңутарбан деп аталған. С. Кляшторныйдың жазуынша, “тар” (кара) + “банд” (бекініс). Ол Сырдария орта ағысының оң жағалауындағы Отырар оазисінің бір атауы[23]. Зерттеушілер оның бас кенті Арыс өзеніндегі Арысбаникет деп біледі [24].

Бұл жерлердегі шайқастардан оңбастай жеңілген Алп Ер Тянь-Шаньдағы Қочқарбасы мен Кимектер өлкесіне, Алтайға дейін қуғындалды, содан Қытай теңізіне дейінгі аймақты мекендеген туыстас тайпалардың еліне қарай бет бұрады [25].

Иран дастандарында Афрасиабтың ұлы Ержасып (Аржасып деп те айтылады) заманында Хорасан мен Мәуараннардағы әскери қақтығыстар сөз болады. Оларда Ержасып жеңіліске ұшырап отырып, елдің ішкі жағына шегінді делінген. Ол Иран дастандарында “Хиундардың падишаһы” ретінде көрсетілген [26].

Афрасиаб билігінде болған тайпалардың ежелгі Тұран жеріндегі жағрапиялық орналасуы, этнотегіне және Афрасиабқа жәрдемге келіп,

бәрінің бір ортақ жауы болған Иранға қарсы күресуіне қарағанда, олар етене жақын тайпалар болуы мүмкін деп болжамдауға болады. Өйткені, бұлардың тек тарихи жағрапиялық орналасу жайы ғана емес, жоғарыда айтып кеткеніміздей, тайпа тамғалары, колөнер бұйымдары, тұрмыс салты ұқсас және олар қазіргі түріктерге жақын келеді. Турлардың бірсыпырасының ирандықтармен тілдік ара жақындығы болғанымен туыстық байланысы жоқ және өз билігі өзінде болған түрік тектес тайпалар тобына жатқан деуге болады.

Ежелгі тайпалардың өмір салтынан әбден орын алған заңдылық – этноцентризм. Ол бойынша, дүние екіге: өзінікіге және бөгдеге бөлінеді. Өзінікінің бәрі жақсы деп қабылданады. Ал барлық жамандық, ыластық, сұрқайлық бөгде тайпаның басына үйіп-төгіледі. Мұны біз “Авестода” сипатталған Афрасиаб бейнесінен көреміз. Оның қолынан келетіні тек ахримандық жауыз қасиеттер. Ол тіпті дария суларын да жібермей қойып, елдерді, жерлерді қаңыратып қойған-мыс. Ал Хаюн тайпасынан шыққан тұрандық Аржасп-дев (дию) сипаттас шах және Зардушт дінінің қас дұшпаны ретінде көрсетіледі. (Дравоспа қасидасы, яғни мадағы, 7-бөлім, 30-бөлікше, 244-б.)

“Авестоның” тағы бір жерінде Сұлу Хавмның Ашадан өтініп жалбарынғаны берілген. Ол Франхрасянды (Афрасиабты), яғни жауызды арий елдерін біріктірген Хұсрауға әкеліп тапсыруыма жәрдем бер деп жалбарынады. Ал Виштасп болса, Хионның басшыларының бірі Аржатаспаны, яғни жауыз әрі суайтты жеңуіме, жермен-жексен етуіме көмектесе гөр, Ей Аша, дейді (Аша Қасидасы (яғни мадағы)) [27].

Қарахан саларе чарампесар,

Камар баст ва омад бе пише педар.

Беду дод торке чегеле си хезар ...

... Тарази ва ғузи ва халадж севар

(Кайхысрау мен Афрасиаб соғысы 545-б.).

Аудармасы: Қарахан батыр белін бекем буып әкесіне келді. Оған әкесі шігіл түріктерінен 30 мың берді, тараздықтардан, ғұздардан және атты халаждардан берді (Жомарт).

Хамон си хезор аз илон торкман (545-б.).

Аудармасы: Сол отыз мың түрікмендер.

Осындай этникалық ала-құлалыққа карамастан бұларды бір елге жатқызады. Ал Тұран мен Иранға екі ел деп қарайды:

Сепохе бо кешвар кешиданд саф [28].

Аудармасы: Екі ел әскері сап түзеді .

“Шахнамада” Сиёвуштың өліміне байланысты өш алу мақсатында Кайхысраудың өз әскерлерін Тұранға, Афрасиабқа қарсы соғысқа дайындай бастаған сәті суреттелген. Баһадүрлерін бір-бірлеп көзден кешірген шахтың көңілі орнына түскендей болды:

Доңыз суретті туды көтерер әскері.  
Ептілік танытар арқанда жүруде және майданда жауынгері  
(Кайхысраудың өз әскерлерін сапарға дайындауы).

... Доңыз сурет байрақтың астында тұрар.

Дүниені бейне қылышпен қайшылар .

Гуро́за есімді батыр-баһадүр болады ол,

Арыстанмен шайқасуды ойыншық көреді ол.

(Фуруд пен Тахордың әскерді көруге барғаны-294-б.).

“Шахнамадағы” осы жолдардың өзі де арийліктердің шошқа малын ұстағандығын көрсетсе керек. Ендеше, еш уақытта бұндай малы болмаған тұрандықтар ирандық қауымдастыққа жатпаған. Мұны олардың ара жігін ашып көрсетіп тұрған тағы бір қомақты уәж-дерек дер едік.

Тұрандікі деп танылған қала аттары, тас жазулар, күміс тостағандағы жазулар, орнаменттер мен бұйымдар, сенім-нанымдар түрік тектес басқалай тайпалардікімен сайма-сай келеді. Тұран территориясында күні бүгінге дейін тұрандықтардан. Афрасиабтан (жолтау және т.б.) қалған іздер Түркілік нарқын сол қалпында сақтап келеді.

Мысалы, “Хатун” деген сөзді алатын болсақ, ол – Афрасиаб қыздарының құрметті есімі делінген “Диуани луғатит туркте”. Ал синологтар жазғандай (финляндиялық моңғол және түріктанушы Г.Ж. Рамстед), б.д.д. қытай жазбаларында осынау түрік сөзі мен басқа сөздердің (“қыз”, “хатун”, “хан” және т.б.) сақталанып қалғандығы, олардың қазіргі түркілердің тұрмысында қолданылатындығын айтпағанның өзінде, М. Қашқаридің оларды тілге алуы уақыт жағынан алып қарағанда да сол замандардағы түріктік нышандардың ізін көрсетіп тұр деуге болады.

М. Қашқари “тегін” сөзіне қызықты түсінік берген: “Тегін – бұл сөздің түп-төркіні құл еді. Сондықтан, түрі-түсі күмістей құлпырған құлды Күміш тегін, батыр құлды Алып тегін, құтты аяқ, майлы аяқ құлды Құтлығ тегін деп атайтын. Бертін келе тек қана қағанның балаларына бағышталып қалды. Тіпті, бұл сөз кейбір жыртқыш құстардың атымен қосарланып қолданылатын болды. Мәселен, Чағры тегін-Қаршыға тегін, Құч тегін-Күшті тегін деп атайтындары сияқты. Бұл сөздің Афрасиабтың ұлдарына қалай көшкеніне келер болсақ, олар өздерінің аталарын аса құрметтеп, ерекше теңдессіз көретін. Сондықтан олар кез-келген атасына жүгіне қалса, немесе хат жазса, өздерін мүлдем төмен ұстап, “Құлыңыз оны былай істеді”, “Құлыңыз бүгін мынандай іс бітірді,”- дейтін. Кейіннен бұл сөз олардың өздеріне атак, жанама есім болып қалды” [29].

“Орта ғасырларда, – деп жазады Л.Н. Гумилев, – наймандардың болашақ қоныстарында “тикин” деген халық тұрған, тегі олар Алтай тауларында жасырынып қалған ежелгі түріктердің ұрпағы болса керек” [30]. Рашид-ад-дин тикиндерді (иен тегін) наймандарға ең жақын, канаттас тайпа болды деп көрсеткен [31]. Қазіргі уақытта Түрікменстандағы бір ру-тайпаның аты да “текін”. Олай болса текіндердің сонау Афрасиаб заманынан бері өмір сүріп келе жатқандығына күманданбаса болады.

Геродот Тарғытайды скифтердің б.д.д. II мыңжылдықта өмір сүрген аңыздық қаһарманы деп есептеген. IX-XII ғасырларда Моңғол үстіртін, – деп жазады моңғол тарихшысы Лувсанданзан, – “Он екі жаман хандар елі” деп аталған тайпа-ел мекен етті. Олар: Тайчылардың тарғытай Хирилтуғы ... (ерекшелеген автор) [32].

Афрасиабтың түрік тайпаларынан екенін М. Қашқари бірнеше жерде айтады. Бірде: “Хан – түріктердің ең үлкен басшылары. Афрасиабтың балалары да хан деп аталады. Афрасиаб хаған еді. Бұл атпен аталу оқиғасы жайында ұзақ хикая бар”, – десе, бірде “тоңа-жолбарыс тұқымдас бір түрлі хайуан. Ол – пілді өлтіретін аң. Бұл сөздің негізгі мағынасы осы еді. Бірақ бұл сөз түріктерде мағынасы өзгерген түрде (де) қолданыла береді. Бұл сөз көбіне кісілердің қосымша таңылған лақап аты орнына жүреді. Тоңахан, Тоңа тегін деу осыдан.

Түріктердің ұлы хағаны Афрасиабты Тоңа Алп Ер деп атайтын еді. Бұл – жолбарыс сияқты күшті батыр адам деу”, – дейді.

Фирдаусидің “Шахнамасында” Тоңа Алп Ер (Афрасиаб) – түрік халқының б.д.д. VII ғасырда өмір сүрген ұлы хағаны.

Тоңа Алп Ер (Алп Ер Тонга) туралы жыр, ұлы хаған өлгеннен кейінгі жүз жылды артқа салғанның өзінде де, ең кем дегенде б.д.д. VI-V ғасырларда туған деп болжамдауға болатын сияқты. Осы жырдың формалық жағынан жетілуі өте жоғары.

Алп Ер Тонга (Тоңа) – тарихи адам. Ақыл-айласымен, күшімен, айтса сөзін өткізіп, тіресе жеңіп, елді – ел қылған батыр әлі көсем. Ол қайтыс болғанда, артында қалған елі жоқтау шығарған. Сол жоқтау ауыздан ауызға тарап, одан XI ғасырда түрік ғалымы М. Қашқаридің “Дивану луғат ат - турк” шығармасына енген, сөйтіп біздің дәуірімізге жеткен ежелгі түрік әдебиетінің алғашқы нұсқаларының бірі болып есептелінеді.

Осы жыр тілдік үлгісі жағынан да, ұғым-таным жағынан да, қоршаған ортасына ішкі қатынасы жағынан да орта ғасырлардың жоқтау жырларына өте жақын тұр. Бұл ретте Күл тегінге арналған “бақыл сөзді” (жоқтау сөзді) мысал ретінде келтіре кетуге болады. Сондай-ақ, “Күлтегін”, “Тоңқұк” жазбаларынан тірілерге тән жоқтау өлең де орын алған:

Күл тігін жоқ ерсер,  
Қоп олтечі ертігіз!  
Інім Күл тігін кергек болты,  
Өзім сақынтым! Көрүр көзім көрмез тег,  
Білір білігім білмез тег болты,  
Өзім сақынтым!  
Өд теңрі јасар  
Кісі оғлы қоп өлгелі төрүміс  
Анча сақындым!  
Көзде јаш келсер,  
Еті да көңүлте сығыт келсер,  
Јантуру сақынтым ! [33].

Ежелгі дәуір жоктаулары дегеніміз – міне, – осылар және бұлар, сол VI ғасырдан бұрын туып, VI-VIII ғасырлармен аяқталып біткен жыр емес, бұлар – кейінгі дәуірлерден өз жалғастығын тапқан поэзия.

М.Қашқари Сөздігінің ішіне енген баскалай жоктау жырларынан кайғы-мұң, өксік үн, зар естіледі.

Оқушы:           Кімі ічре олуруп,  
                          Іле сувын кечтіміз.  
                          Ұйғыр таба башланып,  
                          Мыңлақ елін астымыз.

– деп келетін ұзақ ерлік-жорық жырын оқып, сонау өткен дәуірдің көш сокпағынан ата-бабаларының ізін таниды.

Алп Ер Тоңаға арналған жоктауға ұқсас Жочы хан өлгенде 1227 ж. жоктау жыр туды. Оны шығарған адам-найманның Кет Бұқа жырауы. Ол жыр:

–Теңіз баштын булғанды,  
Кім тундуруп, а ханым ?  
Терек түптін жығылды,  
Кім турғузур, а ханым ? –

деген жырау сөзі мен,

–Теңіз баштын булғанса,  
Тундуруп улым Жочы-дыр  
Терек түптін жығылса  
Тұрғузур ұлым Жочы-дыр –

деп келетін Хан “жауабы” түрінде еді.

Жоғарыда келтірілген жолдар тіл жағынан да өте түсінікті. Мұндағы салт, ұғым-түсінік бергі XV-XVIII ғасырлар жоктауларына тән салт, ұғым-түсінікпен бірдейлік дәрежеде.

Жоктаушы “өзім сағындым !” дейді. Бұлайша жоктау-өлеңге өз сағынуын қосу – бергі дәуірлерге дейін сақталып жеткен.

М.Қашқари сөздігінде “кім еді ?” жоктау-толғау өлең бар. Мұнда негізінен өлген кісінің тірліктегі артықша қасиеттері айтылады. Бұл форманы XV ғасыр мен XIX ғасыр арасындағы қазақ поэзиясынан өте көп кездестіреміз.

Жалпы алғанда, жоктау жыр үлгілері VI-VIII ғасырларға дейін бар болған. Ескерткіш авторлары бұл үлгіні кеңінен пайдаланған.

Демек, б.д.д., одан кейініректе, орта ғасырларда жоктау өлеңдерде негізгі бір тілдік тәсіл болған, бұл үлгі қазақ поэзиясы деген поэзия туып калыптасқан ғасырларда жалғасқан. Сонымен “Алп Ер Тоңа өлді мұ?” жыры және осы сипаттас өзге өлеңдердің біразы, олардың поэтикалық үлгі-нормасы да, поэтикалық-тілдік тәсілдері де түрік халқының ауызша поэзиясының эрамызға дейінгі дәуіріне тән. Олар М.Қашқари дәуіріне (XI ғасырға) ауыздан-ауызға көшіп жеткен және олар “Сөздіктегі” мақал-мәтелдер сияқты өзінің фонетикалық, лексикалық, морфема-формалық белгілерін түрік тілінің

(сөйлеу тілінің) бірнеше ғасыр бойында өзгеруі ыңғайымен өзгерте отырып жеткен. Сондықтан да оның тілдік белгілері XI ғасырдағы түрік тілі нормасына жат емес. Әрине, түрік қағандарының Иранға жорықтары Фирдаусидің “Шахнамасында” Тұран жаулаушылары ретінде суреттеледі. “Онда Тұран әскерлерінің Иранға көп жорық жасаған Афрасиаб, Демир Алп, Ерджасп (немесе Аржасп) т.б. батырларының аталуы да Афрасиабтың түрік тектес екендігіне көзінді жеткізе түседі. Иштеми баласы Қара Чуриң Турк оның Соух тегін Иль Арслан тұсында Иранға шабуыл жасады ... Ал Қара Чуриң Түрктің немересі Түн жабғу хан (VII ғасырдың алғашқы 20 жылы) кезінде бұл шапқыншылық жорық жалғаса берді. Н.Я. Бичурин бұл жөнінде “Түн Шеху хан батыр болды, оның әрбір соғысы жеңіспен бітіп отырды, өзіне Тиэліні қосып алды, Персияны, Гибинді (Кашмирді) жаулады” деген. Ал оның немересі Нишу б.э. 630 жылдары Тунь алэу (муны Тоңа алп деп те оқуға болады ма ? ) Балиба Дулу хан деген лақап атпен такқа отырды. Ал оның інісі де Тоңа шад, кейін Ышбара Қылыш хан деген лақап атпен такқа келді. Демек, Тоңа есімді түрік хандары әр заманда өмір сүрген екен.

Фирдауси жоғарыда аталған дастанын негізі б.д.д. және б.э. I-VI ғасырларында жасалған эпостық аңыздар мен деректерге сүйене отырып X ғасырда жазды. Сөз жоқ, бұрын болып өткен оқиғаларды баяндауда әрі түрік қағандарының атын сол оқиғаларға телуде Фирдаусиде анахронизмнің болуы толық заңды: тарихтағы ізі анық бергі дәуір қағандарына арғы дәуірдегі көмескіленген тұтас оқиғалар телінуі мүмкін деп тұжырған авторлар бар. Бірақ б.д.д. VII ғасырдағы оқиғалар мен билеушілер есімдері грек, ассирия, иран жазбаларында хатталған. Ендеше, Алп Ер Тоңаға арналған жоқтау жасалу дәуірі жағынан тым арыда жатыр.

Алп Ер Тоңаға арналған жоқтау жырындағы өлең үлгілері араб немесе иран поэзиясының әсерімен XI немесе X ғасырда туған жоқ, олардың көбінде өте көне дәуірдің ізі жатыр. Және де ол, Қ.Өмірәлиев жазғандай, араб-парсы поэзиясы әсерімен бірге келуге тиіс поэтикалық терминдер жоқ кезде түрік тайпаларының байырғы поэтикалық өлшемінде – “көг” өлшемінде туған [34] болса Алп Ер Тоңаның (Афрасиабтың) түрік тектес екендігіне күмәндануға болмас.

Жекеленген дыбыстық, қайсыбір лексикалық өзгешеліктер болмаса, жоқтаудағы сөздер бізге кешегі XIX ғасырда туған сөздер сияқты көрінеді. Өзінің дүниеге келуі жағынан жүздеген жылдар арыда жатқан осы өлең бүкіл табиғатымен жаңа. Бұл өкінішті зар тілі өксік үнімен де жаңа. Ал бұл ескінің жаңалығы – бүгінгі мен арада жатқан үзілістің жоқтығы, Алп Ердін түріктік этнотегін растайтын сипаттардың молдығы. Бағзы замандағы бұл жоқтау үлгісі:

Көзүң йашын жүгүртүр,  
Көңлің түлды болғай му ?  
Жырың көңіл өкүртүр.  
Жочы өлді болғай му ?

деп Шыңғыс ханға Жочы өлімін есіттірген Улуғ Жырчының XIII ғасырда туған жоқтау сөзі сияқты сатылар арқылы бүгінге жетсе керек .

Алп Ер Тоңаға арналған жыр ұйқас жағынан – аааә; бббә... түрінде келеді әрі өлді мү – калды мү – алды мү – түрінде, ал Жочыға арналған жоқтау болғай му – түрінде грамматикалық – формалық ұйқасқа құрылған, әрі біріншісінде “Емді жүрек жыртылур” деп айтылса, екіншісінде “көзүн йашын жүгүртүр, ... жырың көңіл өкүртүр” деп келеді.

Сол кездегі тұрандықтардың дәстүр, салт-санасынан кейінгі кезеңдердегі түркі тектес халықтар, әсіресе казак халқының бүгінгісімен сайма-сай келетін ұқсастықтар тым көп кездеседі. Бұл ретте б.д.д. сак заманындағы тұрандықтардың (түріктердің ) асынған қару-жарақтарының ерекшеліктерін көрсетуге болады. Әрине, тұрандықтар өздері жасаған қару-жарақпен бірге көрші елдерде жасалынған қару түрлерін де кеңінен пайдаланған. Сонымен қатар, олардың өздеріне тән, құралдарының болғандығынан “Шахнама” хабардар етеді: түріктер әскері темір сауытты болғанға ұқсайды. Мысалы, Рустам өз ұлына ақыл айтып, түріктерді сүреттегенде:

Зал, ей, Песере Гушдор! ...

... Ке он торк дар джанг аждохост.

Дар оханг ва дар кине абр болост,

Дерафшан сиох аст ва хортане сиох

Зе оханг со'ад зе оханг колох (124-Кайкубод)

Яғни: Ей, ақылды балам, Зал! ...

Түрік соғыста айдахар, онын

Темірі де, өкпе-өші де катты

Темір шокпары, темір

архалугі, темір дулығасы бар, – дейді.

Жырдың тағы бір жерінде:

Зе торкон ва аз даште найзаварон,

Зе хар су биомад сепохи герон.

Түркілер мен найзалылар даласының ар жағынан ауыр салмақты әскерлер шықты (157-Ковустың Хамеварон Шахымен соғысы). Немесе, герон лашкари сохт Афрасиаб–Афрасиаб ауыр салмақты әскер құрастырды,– делінген. ( 158 - бет. Ковустың Хамоварон Шахымен соғысы).

Қытай деректері бойынша, “Ту-кюлер (түріктер) өздерінің лагерінде тұрып жатқан еді. Бір кезде тау жакка көзі түседі. Ол тау дулыға түрінде көрініс берген екен. Сөйтіп, олар дулыға атын алған болып шығады. Бұл қауымның тілінде дулыға ту-кю сөзімен берілген. Сондықтан да олар өздерін Ту-кю деп атап кеткен” (Schott. Ueber die altaische Sprachgruppe. Berlin, 1849,12-б).

Түрік атауын дулыға мәнімен тәндестіре қарастырған авторлар бірен-саран емес ( Lim-Mash – Tsai. Die chinesischen Nachrichten Zur Geschichte der Ost- Turken, 1. Wiesbaden, 1958,40-б). Бұл ретте Ж.Ж. Гесстін пікірін тілге тиек етуге болады: түріктерде осындай ат беру үрдісі ертеден

бері жалғасып келе жатыр. Бұл жаңа парсы тіліндегі “тарг” сөзімен үндес. Бірақ бұл сөз түріктер мекендеген жерлерді онша көп қолданылмаған ... Осы ойды Бернхард Мункасчи де қуаттайды. Оның пікірінше, қытай тіліндегі tu-lu-ko (түрік) шағатайдағы дулуга (казакшадағы – дулыға) сөзіне тура келеді.

“Шахнамада” суреттелген түріктер қаруының сипаты сақ-скиф заманында көшпелілер қолданған қару-жарак жөніндегі деректер мен еңбектерді жинақтаған Француз зерттеушісі Жан Пауль Роухтың жазғандарымен үйлесетін тәрізді. Түрік көшпелілері, әсіресе екі жағы өткір қанжарын қасынан бір елі де тастамайды. Жебелі садақ асынған жауынгер сырық басына байланған жібі бар құрықпен салт атты әскерді оп-оңай ғана атынан домалатып түсіре алады. Жалпы алғанда, қанжар тағып, садақ асынып жүретін жауынгер өте әсерлі де сиқырлы түрде көрінеді.

Сібір мен Моңғолиядағы жартастарда әскерлердің тізе бүгіп оқ атқан және қоладан жасалынған скиф кеселерінде садақ атқан жауынгердің бейнелері сомдалған. Қырымдағы Күл Обадан әкелініп Эрмитажға (С. Петербургтегі) қойылған алтын бешпенттің әшекейлері көз тартады: екі скиф жауынгерінің біріне-бірі сыртын бере садақ атуға дайындалып тұрған позасы бейнеленген (б.д.д. IV ғ.) ( Jean Paul Roux . L ' Asie. Centrale- Histoire et civilisations, Fayard, 1997, 37-42-б ).

Көріп отырғанымыздай, ежелгі түріктердің көк темірден бес қаруы сай болды.

Ертеде түріктер темір, алтын, күміс, қалайы, мыс металдарын айырушы темірші (металлист) халық болды. Бұл ұлы “темір балкытушылар” темір рудасын тауып, қайнатып, көміртегі тотығын “қосу арқылы құрыш деп аталатын кеуекті металл айырып алып отырды. Тіпті қазірдің өзінде бұл ертедегі түріктер құрыш деп атаған металдың сапасы домналық балкытудан әлдеқайда жоғары деп есептелінеді” [35].

Түріктер темірді теңдік әперетін құрал деп білді. Халық тағдыры алмас семсер жүзінде тұрған заманда бұл түріктер үшін қару жасау бірінші кезектегі мақсат болды. Олар құрыш деп аталған темірден әнтек қайқылау келген ұзын қылыш, екі жүзді ауыр семсер, ұзындығы бір кез қырлы құрыш сүңгілі найза, құрыш масақты ысқырық оқ, мүйіз жақ, темір сауыт, іші мақпал, етегі мойынды жапқан темір қалпақ (дулыға) [36] жасады. Сол сияқты “ер жолы атқа жеткізеді, ат мұратқа жеткізеді” дегендей, тұлпар ат сияқты мықты қару тапты. Сөйтіп бір кездегі “жатақ халық” көк темір құрсанып атқа қонды.

Б.з.д. мыңжылдықтың басында Түркістанның ертедегі тайпалары темірдің тез балкитын түрлерімен таныс болған. Мұны Қарқаралы қаласына жақын орналасқан Суықбұлақ қоныс-жұртын қазу кезінде Тоғай-1 кенішінен табылған темір кенінің үйіндісіне қарап білуге болады [37]. Дегенмен, ежелгі Қазақстанда мыс пен қалайы өндіру неғұрлым басым болды.

Қарақалпақстан территориясындағы Бұқан, Нұра тауларында, Құзбай құм үңгірінде, Өзбекстанның басқа аймақтарының жер астындағы

лабиринттерінде мыс балқытатын пештер болған. Байсұн-тау, Кухи-танге, Чаткал, Құрама тауларында мыс, алтын, күміс өндірілген жерлер анықталды.

Массагеттердің өлкелерінде, деп хабарлайды грек тарихшылары, алтын мен қоладан көп көлемде жебе, найза, қылыш және соғыс балталары жасалынатын. Алтыннан дулыға және белбеу (белдік) істелінетін [38]. Олардың аттарының ауыздық-жүгендерінің элементтері алтыннан жасалынған [39].

Демек, ежелгі сак-массагеттердің еңбек құралдары, қару-жарақтары, қазандары және т.б. тұрмыстық бұйымдары олардың металл құю техникасы мен көркемдік мәдениетінің жоғары және Түркістанның ертедегі темір дәуірінде металлургия өндірісінің ірі орталығы болғанын дәлелдейді.

Түрік қағанатын құрған Бумын мен Истеми қағандары Темірші тайпадан шыққан. Мұның өзі теміршілік кәсіптің түрік жұртында ерте замандардан бері жалғасып келе жатқандығын көрсетеді. Бастапқыда теміршілік түріктерде бір қасиетті де шарапты іс ретінде саналған. Бағзы замандарда су, ауа, баспана, киім-кешек және тамақ сияқты темір де өмірлік қажетті игіліктердің қатарынан орын алған. Бара-бара ол тылсымдық күш ретінде Ел назарынан қалды. Сонымен бірге, темір мәдени-тұрмыс кешкен адамдарға Тәңірі тарапынан берілген зат есебінде түсінілетін болып қалды. Бірақ олардың санасында темір берілген тәңірлік қауым басқаларға қарағанда үстемдікке ие болу керек деген ой-сезім де ұялап қала берді. Сондықтан олар Тәңірге дән риза еді. Түріктер темірді “Көк темір” деп атаған. Ер адамдар қылышпен ант ішетін. М. Қашқаридің Луғатында “Көк темір кері тұрмас” деген тіркес бар. Оның мағынасы – “көк темір босқа тұрмас” [40].

Түркілерде темірші – адамға жамандық келтіретін Албасты рухының үлкен дұшпаны. Профессор Абдулкадыр Инанның жазуынша, қазақтар босанатын әйелдерді жаман рухтардан қорғау үшін темір бөлігін қолына алып: “Темірші келді! Темірші келді!” – деп дауыстайды. Сенім бойынша, осылай етілсе, теміршінің аты аталысымен, албасты қорқып, екіқабат әйелдің жанына жоламайды екен [41].

Ерте заманда Орталық Азиядан Еуропаға барған темірші түрік қауымдарын Христиан әлемі Ежуж-Межуж деп таныған екен. Бірақ түріктер өздерін бұлай атауды қош көрмеген [42].

Христиандық Сирияда бітілген аңыздан, Ергенекон аңызы және Хундар жөніндегі әпсаналардан мәлім болды: Ескендір Хундардың Оңтүстік аймақтарға өтуінен қауіптеніп, солтүстік-шығысқа жол алады. Дижле мен Фырат (Тигр-Ефрат) өзендерінен өтіп, қазіргі Шығыс Түркияға жетеді. Одан соң Мушаш атты бір тауға жетіп келеді. Бұл таудың ішінде бір жазық жер бар еді. Жан-жағынан жартастармен қоршалған. Ұлы Ескендірді оның қасындағы саудагерлер бұл жерде адамдардың бар екендігінен хабардар етеді. Бұлар – Нұх пайғамбардың Яфес атты ұлының ұрпақтары-мыс. Ескендір бұл жерден ешкімнің де шыға алмауы үшін таудың бір тесік жерін бекітпекші болып, үлкен темір есік жасауға бұйрық береді. 3000 темірші

және 3000 мыс ұстасын алдырып, темір қақпа жасатады. Оны Дариел өткеліне қойдыртады [43].

Арабтар “шын түрік” (ат турк ал-хахихи) дегенде Қағандық түріктерді (ат турк а хаканиа) мезгей айтқан. Бұлар өздерінің тегін бір темірші халықтан таратады. Сол теміршілік кәсіп арқылы құлдықтан, қиындықтан және қараңғылықтан құтылған көрінеді. Оларды қытайлар жужандардың (абарлардың) теміршілері деп атаған. Шығыс Түркістандағы Бархан жерінен табылған металдардан жасалған бұйымдар Қашқарда да кездеседі. Осындай металдар Тянь-Шань, Алтай, Орал және Саян тауларынан көптеп табылған. Бұларды өндіру мен бұйымдар жасау ісі жергілікті түркілердің ата кәсібі болғандығы туралы көне аңыздарда айтылады.

“Шахнамада” Рустамның түріктер даласына келгені сүреттелген:

Дегар суй Серахе ва биобонат,

Пиш гале гаште дар аху ва миш,

**Хаме дашт пор харге ва хейме кешт.**

(168-Ковуспен Хамаваран ...) [44].

Серахстың арғы беті шөл-дала, отар-отар қойлар мен маралдар жайылып жүр, дала толы үлкенді-кішілі киіз үйлер. Сөздіктерде Харге – үлкен шатыр, ал Хейме – шатыр түрінде берілген. “Шахнамада” киіз үйлер мен шатырлардың ара-жігі ажыратылмаған. Сондықтан да біз, түркілерге қатысты шатырды киіз үй деп атағанды жөн көрдік. Жырда Ирандықтарда да шатыр болғаны жазылған. Бірақ, шатыр ирандықтарда негізінен соғыс кезінде пайдаланғандықтан біз оны шатыр деп атадық. Мысалы:

Манучехр суйе хеймей хиш боз омаданд (75- Манучехр)

Аудармасы:

Ираж Турға келгенде екеуі киіз үй ішінде сұхбаттасады:

Берафтанд бо бехейне дарун. (41-бет-Фаридун)

Аудармасы:

Онымен бірге (Турмен) киіз үй ішіне кірді.

Ирандықтар мен Тұрандықтарға қатысты шатыр мен киіз үйді бөліп атау себебіміздің бірі. Тұрандықтар соғыста және бейбітшілік кезінде де Ирандықтарды қабылдауды киіз үйде жасайды, ал Ирандықтар – тас сарайларда. Тек соғыс кезінде ғана шатыр Ирандықтарға қатысты айтылады (Ж. Жомарт).

Бұл жерде айта кетерлік бір жәйт – киіз үйдің құрамдас бөліктері атауының түрікше екендігі. Ол Ираншада да, басқа тілдерде кездеспейді.

М.М. Мендіқұловтың жазуынша, “Қазақстанның кең байрақ территориясы мен Хорезмнің солтүстік аудандарына тараған мавзолейлердің тобы ғылыми әдебиеттерде коникалық немесе пирамида тәрізді күмбезінің болуына орай шатыр тәрізді деп аталады” [45]. Зерттеушілер мұнара тәріздес Қозы Көрпеш пен Баян сұлу, Бегім Ана (Сырдария) мазарларын исламға дейін салынған оғыз-қыпшақ дәуірінің ескерткіштеріне жатқызады [46]. Бұл

мазарлардың шын мәніндегі киіз үй пошымына ұксауы назар аудартарлықтай жәйт. Ә. Марғұлан киіз үйдің көне үлгісіне Орталық Қазақстанның Бөгелі сайынан табылған андроновтық тұрғын үйді жаткызған [47]. Осы тектес ескерткіштер өз бастауын исламға дейін-ақ, көне казак жерінен алғанын байқау қиын емес.

“Шахнамада” тұрандықтардың көшпелі өмір сүргендігі тілге алынады. Жырда Тұрандықтардың көшпелі өмір сүргендігіне тағы бір дәлел Рустамның Афрасиабка:

Надони ке Иран нешастман аст

Джахоне сар сабз зир дасте мен аст.

(164-Ковуспен Хамеваран шайкасы)

Аудармасы:

Сен Иранды отырықшы екен деме, жасыл-желек әлем менің қол астымда, деген тұсы.

Тағы бір жерінде – Тұран жері бос жатқан кең дала ретінде суреттеліп, ирандықтардың бұл жерде қойлар мен шопандарды қырғанын жазады:

Куджо буд бар даште Турон иле

Геревфанд бесиор ва коштанд низ мавуд аз бад вахт монанде чиз.

Галедор ва чуломе васи коште шод.

(336-Сиявуштың өлімі)

Аудармасы:

Тұран даласы бос жатқан жер, бұл жерде көп нәрсе алынып, көп нәрсе жойылды, жеткілікті түрде қойшылар мен малшылар өлтірілді.

Иран патшасы Афрасиабка өз өкпесін айтып, неге шабуыл жасадың дегенде:

Чу горг омади дар мионе раме. (193-Сухраб)

Аудармасы:

Отарға шапқан қасқырдай болып келдің, дейді. (Жомарт).

Баксы көмегімен жауға қарсы қар, суық жіберу түркілер үшін үйреншікті нәрсе болды. Жырдың тағы бір жерінде:

Ва аз ин ру бар олад иеки тонд бод

Ке каси ро аз Ирон набод разм иод.

Иеки абре тонд андар омад чу гард

Зе сармо хами лаб бедандон фесард.

Саро парде ва хей мехо чашт иах

Кешид аз бар кух бар барфе нах (331-Сиявуш өлімі),–

деген жолдарды оқуға болады.

Аудармасы:

Бұл тараптан бір ала құйын шықты,

Оның артын ала дөңгеленген бұлт шықты.

Суықтан еріндер тіске жабысты,

Шатырлар мұзға оранды.

Тау басынан қар жауды.

Жырда Тұрандықтардың дәстүрінде түс жорушылар мен жұлдызшылар да маңызды орынға ие болғандығы жайлы деректер мол. Мысалы, Афрасиаб түс көргенде оны жорытуға адам іздестіреді. Сонда Гарсиуз былай дейді:

Гозараждейе хоб бояд каси ке  
Аз донеш андазе'е дорад баси.  
Бехоним би дордел мубадон  
Аз охтар шеносон ва аз бехардон (220- Сиявуш).

Аудармасы:

Түс жоритын адамның білімі жеткілікті болу керек, ойы сергек баксылар, жұлдызшылар мен ақылгөйлерді шақырайық.

Барман Пиранға былай дейді:

Кезе асман созар нист (339-Қытай каканы).

Аудармасы:

Аспаннан артық ештеңе жоқ.

Мұның өзі Тәңірлік сенімнің көрінісі-нышаны. Түріктер "Аспан" дегенде көк Тәңірін назарда тұтқан.

"Шахнамада" тұрандықтар мен ирандықтардың екі дүниетаным, баска-баска этникалық қауымдастықтар өкілдері ретінде сүреттелетін жерлері аз емес. Бұл ретте мына бір жәйттің аса маңызы бар екендігін айта кеткен жөн.

"Шахнамада" жазылғандай, Иранның алтыншы шахы, Ирадждың немересі Манучехр өмірінің соңғы сәттерінде муъбад-мунажжимларды және ұлы Наузарды шақырып алып өсиет сөзін айтады:

Фаридунның ак жолынан таймастан,  
Сактап келдім елді зұлымдардың кармағынан.

Ол және деді: Енді Фаридуннан маған мирас боп қалған тәж бен такты өзіңе тапсырамын. Ғұмыр кешерсің ештеңе көрмегендей. Бірақ аттанарсың бір күні сен де мендей. Ойла сонда артыңның былықпауын, есіміңді халқыңның ұмытпауын. Ұрпағыңның артында қарғамауын:

Түрленіп әр жағынан әділет жаңарар,  
Жаһанға келер жаңа пайғамбар.  
Машырактан шығар бауыры кең сүттей ак,  
Қозғатпа кек-жанжал, бірақ бол сак.  
Оған ер, сол болады Яздон діні,  
Ізгіліктің негізі, болады діні.  
Яздон сызығынан шықпағын ешбір заман,  
Онын үкімінде ғой жақсы-жаман.  
Кейірек Туроннан келер керемет сипох\*,  
Иран так-тәжіне көтергейсің салох\*\*.

\* Сипох-әскер

\*\*Салох- туралық, туралықты жақтайтын кісілер.

Көп кыйын дәуірлер алдында ұлым,  
Бол, кейде бөрідей жеңіп, кейде қойдай жым.  
Тұраннан зор шығар әкесі Пашаң,  
Сонда болашақ дүние тар болады саған.  
Жамандардан сақтадым елді, жаһанды,  
Жерде құрдым қанша қала-қорғанды.  
Бірақ дүниеде бір сәт қана өмір сүргендей болып,  
Өткен жылдар қас-қағымда ғайып болып.  
Ащы болса егер ағаш миуасы,  
Неге жарар өскен түр-тұлғасы.  
... Бір заман Фаридун – бергендей маған.  
Сыналған бұл тәжді берермін саған.  
... Егер жақсылықтан қалдырсаң нышан,  
Елде атың жарқырап тұрар көп заман.  
“Жаса” десін тек қана артыңнан,  
Ей, пәкдін, таралған пәк ата-бабаларыңнан.  
Иманыңнан тайқып кетпе, ұлан,  
Ізгілікке бастар кісіні иман.  
Ұлым, қанша келсе де қосын көп есепсіз,  
Тек Зол мен Сомнан медет күтерсіз  
Және өніп өскендер бар ұрығынан Зол,  
Ісіңе жарайды, қанша қаласаңда ол.  
Тұран жері жатыр оның аяқ астында,  
Жауларыңның жазасын берер жайында.  
Осы сөздерді айтып, көзіне жас алды,  
Ұлы да қасында жылап қалды.  
Ақырын бітіріп Қалн сөзін,  
Бір суық аһ деп күрсініп жұмды көзін.

(Манучехрдың өз ұлына айтқан өсиеті ).

Бұдан мағлұм болды: Манучехр ұлына өз дінін, сырын, тілегін, ұмытпа, Шығыстан бір Пайғамбар келер деп өсиет айтады. Ол – Зардушт Пайғамбар. Өз дінін деп отырғаны, ата-бабалар діні- Зороастризм. Және ол Яздонның сызығынан шықпағын деп ескертеді. Бұл Яздон – “Авестода” тілге атынған Ахура Мазда Құдай. Соның дінін ұстансаң сені ешқандай жау ала алмайды, тіпті тұрандықтар, Пашаның ұлы қисапсыз қосындарымен шабуылдаса да зиянын тигізе алмайды. Бұл жерде Манучехрдің айтайын дегені ирандықтардың табыну нысанасы. Негізгі табыну нысанасы ретінде Яздон көрсетіледі (Изад, көбінесе Яздон ирандықтардың Маздак немесе Зардушт дініндегі ізгілік, қайырымдылық, мейір-махаббат құдайының аты. Ирандықтардың ұғымында, әсіресе Манучехрдің өсиетінде Тұран – Яздондық

сенімнің тысқарысындағы Ел). Біздің бұл тұжырымымызды Мехронның\*  
Кайдка\*\* берген жауабы айқындай түседі. Кайд түс көреді:

Үшінші түсімге таба алмаймын сөз,  
Өтер көз алдымнан бір мата-бөз  
Асылып барар еді оған төрт еркек,  
Көгеріп кеткен еді жүзі-көзі, йек.  
Бірақ жыртылмас еді бөздің еш жайы,  
Асылғандардың да жоқ еді пәруайы.

Бұл түсті жорыған дана Мехрон деді:

... Аз ин пас биояд йеки Номдор.  
Зе даште савороне нейзегорон.  
Йеки марде покизе ва никхуй.  
Иеки пире дехконе оташпараст  
Беду дине Яздон шавад чорсуй.  
Ке пор воже берасм бегирад бедаст.  
Дегар дине муса ке хони жахуд  
Ке гуяд джоз он ро нашояд сетуд.  
Дигар дин йунони он парса  
Ке дод овард дар деле падша ...

(Искандар патшалығы, 804-б.).

Аудармасы:

Тағы бір түсінде көрініпті бөз,  
Ділі пәк төрт кісі оған тіккен көз.  
Бірақ ол мата тарткылаудан жыртылмас,  
Төртеулеп тарткандар да еш жалықпас.  
Мата – дін. Ол құдайдың шапағаты болады,  
Тарткандар оның қарауылы болады.  
Біреуі – отқа табынушы дикан діні ол,  
Бірталай ұлыстардың жолы, жарығы ол.  
Басқасы Мұса жолын ұстанушылар – жойт діні,  
Тек бізге ғана арналған Яздон тахсині\*\*\*.  
Бірі мәшһүр-міс Юнон\*\*\*\* елінде,  
Әділет оятар-мыс шахтың ділінде.  
Төртіншісі ғажайыб, биік дін,  
Сылап-сипар даналар пешенесін.  
Бір-бірімен таласып жатар төрт дін,  
Олардан туындар жауығу, араз бен кин\*\*\*\*\*.  
Бұдан кейін келер тағы бір норғул\*\*\*\*\*.

\*Мехрон-бір данышпанның есімі.

\*\*Кайд-Үндістан падишахы.

\*\*\*Тахсин-мақтау, мақұлдау.

\*\*\*\*Юнон-грекия

\*\*\*\*\*Кин-кек, қаһар

\*\*\*\*\*Норғул-алып тұлғалы

Найзагер аттылар саныдан болар ул.  
Ынсапты, пәк жанды кісі болар ол,  
Яздон дінін төртке бөліп берер ол.

(Шохнома. Искандар патшалығы тарауы. Қаннуч падишахы Кайдтын түс көруі және Мехроннын Кайдка берген жауабы).

Бұдан мағлұм болды: Яздон – отырықшы үнділік (Үндістан данышпаны айтып отыр ғой) және ирандық дикандардың, яғни арийлік отқа табынушылардың діні. Тек бізге ғана, делінген жырда тән болады, жарасады Яздонды мактаумен мақұлдау. Басқаша айтқанда, Яздон тахсині арийліктерге ғана арналған. Сондай-ақ, жырда еврейлер мен гректер діндері де тілге алынған. Ал қалғаны – төртінші дін кімдердікі? Ол ғажайып әрі биік дін, яғни дүниедегі биіктердің бәрінен биігі Көк Тәңірі емес пе?

Бұл діндегілер бір-бірімен жауыға бастайды. Сонда найзагер аттылар сапынан болған (тұрандық салт атты әскер деп ұғыну керек, өйткені салт атты әскерді алғаш рет Түріктер дүниеге әкелген [48]) Алып тұлғалы біреу келеді де Яздон дінін бөліске түсіреді. Бұл Тәңірлік сенім Барманнын (Тұран қолбасшысының бірі) Пиронға (Афрасиабка жақын жүрген билеуші) айтқан мына сөзінде де өз көрінісін тапқан:

Кезе осман созар нист (“Шахнама”, Қытай қаканы, 399-б.).

Аудармасы:

Аспаннан артық ештеңе де жоқ.

Педар осман бод ва модар замин (704-б.).

Аудармасы:

Аспан – әке, ал жер – ана.

“Шахнамада” Тұрандықтар мен Ирандықтар, бір-бірінің мінез-құлықтарында қарама-қарсы етіп көрсетіледі. Мысалы: Афрасиаб өз қолбасшысын Иранға жорыққа жіберер алдында:

Демир бош ва хордманд, ва хошнор бош,

Бебош андарун низ бидор бош,

Ке Ирон кон мардоми риманд (123-Кейқұбад),– дейді.

Мағынасы:

Батыр бол, ақылды бол, сак бол, сергек бол – Ирандықтар лас (арам, жымысқы, қу) адамдар.

Бұл ретте ирандықтар тұрандықтардан да асып түскен. Мысалы, Гуштасп (Иран шахы) Тұран патшасына хат жазғанда:

Хаме Ираджи заде ва пахлави,

На Афрасиаби ва ябғу (653-б.).

Аудармасы:

Барлығы (Ирандықтар) Ирадж нәсілді пахлави,

Афрасиабтан туған Ябғуй емес.– дейді.

Бұл елдердің бірін-бірінің мұндай тұқыртуын “Шахнаманын” көп жерлерінен кездестіруге болады. Этностарға тән ерекшелік – “Мен” және “Ол” қарама-қарсылығы жырдың өне бойында көрінісіп тапқан деуге болады.

Мысалы, Тұранның Ирандықтарға жіберген елшілері оларға былай деп айтты:

Зе бод ва зе хок ва зе Об (Силвуш 217-б.).

Аудармасы:

... Афрасиаб жел, от, топырақ пен судан жаратылған.

Мұнымен Афрасиабтың ұлы күш-құдыретке ие теңсіз баһадүр екендігін білдірмекші болған.

Көне дәуірдегі грек философиясы жаратылысты төрт нәрсеге негіздейді. Бұрынғы діни кітаптарда адам топырақтан және Алланың нұрынан жаралған делінген. Ендеше, Афрасиаб та ерекше жаратылыстың туындысы дегенді аталмыш елшілер қадап айтпақшы болған, солай деп сипаттауды қатты қалаған.

Тұрандықтардың түркі тілінде сөйлегендігі жайлы деректер жетерлік: Гударз Тұранға өз адамын жібергенде:

Забон ро бе торки биорости – яғни, түркі тілінде сөйле, – деп тапсырады (285 - б. - Сиявуш).

“Шахнамада” Тұрандықтардың Базур атты бақсысы суреттелгенде:

Бедонесте чини ва хам пахлави – ол қытай мен пахлави (парсы) тілін менгерген делінген (359-б.–Камус Кошони). Яғни, Ирандықтар пахлави тілінде сөйлесе, түркілердің өз тілі болғандығы анық.

Тұрандық Пирон отбасынан шыққан Тахмина ұлы Сухробтың қайтыс болуына байланысты оның тағын төменге лақтыртады, ол тұрған сарай мен мейрамханаларды есігін караға боятады, атын алдыртып оның жалын күзетеді де, құйрығын кестіртеді (Шохнома. Сухроб өлімінен анасының хабар тапқан тарауы).

Бұл тұрмыс салты кейінгі кезеңдердегі түріктерге тән болып, біздің заманымыздың II мыңжылдығында да бой көрсетті. Ендеше, аталған замандарда өмір сүрген этникалық топтар мен тайпалардың арасындағы этникалық байланыстың болғандығына күмәндануға болмайды. Көне Тұран мәдениетімен де ию-кию тамырластықтың жатқанын қоса кеткіміз келеді.

Сөйтіп, біз Турдың, Афрасиабтың түрік тегінен екендігі “Авесто” арқылы нақты анық та ашық айқындалмағанның өзінде (“Авесто” бойынша, адамзаттың алғашқы бабасы – Каюмарт. Оның ұрығыдан бір еркек кіндікті және бір әйел пайда болады. Олардан Силмак пен оның әйелі Нисок, бұлардан Фраван мен Фравакайн туылады. Олардан тағы он бес жұп перзент дүниеге келеді. Жердегі барша адамдар осынау жұптың бірі Хушаң мен оның жұбайы Гөзак болып, ирандықтар солардан таралған. –“Авесто”, 327-328-б.) бұл Турды, Афрасиабты, Тұрандықтарды, олардың қауымын “Шахнамада” көрсетілген сенім, салт-дәстүр, жер-су, адамдар, кейбір лауазым аттарымен анықтауға болатынын көрдік. Тіпті Тур мен Афрасиаб есімдерін ирандықтар-арийліктер қойған (немесе берген) болуы мүмкін немесе Турлардың тегі тіпті ирандық та болуы ықтимал деп тұжыруға да болады, бірақ олардың этносалты, тілі түрікше болғаннан кейін бәрібір түрік болып есептеледі. Бұл

– заңдылық. “Насабнама” бойынша, Ясауидің арғы түп-түкияны – араб, бірақ оны өмірде ешкім де араб деп атамаған ғой. Сірә, Афрасиабтың шын аты Тона шығар. Ирандықтар оның баһадүрлік қасиетіне қарап иранша Афрасиаб деп өзгертіп алған да болуы мүмкін. Адам баласының қайсы этносқа жататынын ақырында тегі емес, оның этникалық ортасы мен қалыптасқан мәдениеті анықтайды. Бұл – бұлжымас заңдылық.

Афрасиаб тұрандықтар патшаларының жиынтық атауы болғандықтан, ол жөнінде сөз қозғау турлар, сак-массагеттер, скифтер және басқа түрік тайпалары туралы да сөз ету болып табылады. Себебі, Афрасиабтың артында осынау тайпалардан құралған Елі тұрды ғой. Демек, Афрасиаб тақырыбы, сайып келгенде сол заманның, яғни б.д.д. I мыңжылдықтың басы мен орта тұсында өмір сүрген түрік қауымдастығының мәселесі болып табылады.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Jean Paul Roux. L'Asie Centrale-Histoire et civilisations. Fayard.1997.44-б.
2. Бұл да сонда.
3. Авесто. Тахрон. Гиштар касидасы, бөлім, 31-бөлік. 1991, 1-2 том.
4. Бұл да сонда. “Яшттар”. Ардивисура Анахита касидасы, 18-бөлім, 84-бөлік.
5. Сонда. 15 бөлім, 65-бөлік.
6. Сонда, 26 -бөлім, 131 бөлік.
7. Сонда. 18-бөлім, 84-бөлік.
8. Авесто. Мансур Яшттар. Фарвардин касидасы, 9-бөлім, 37-бөлік. Техрон, 1999, 1-2 том.
9. Фирдавсий А. Шохнома. Тахрон. “Қатра баспасы”, 1999.
10. Сонда. 544, 546, 569, 594, 469, 495, 499, 445, 653, 1270-бб.және т.б.
11. Фирдавсий А. Шохнома. Сухроб тарауы. Техрон, “Қатра баспасы”, 1999.
12. Авесто. Мансур Яшттар. Фарвардин касидасы, 24-31 бөлімдері, 96-31-бөліктер.
На формирование современного персидского языка, входящего в группу иранских языков, азербайджанский язык имел большое воздействие. Так что азербайджанский язык и азербайджанские турки исторически были в одном государстве. Первичные исследования показывают, что правители этих государств были турки. По мнению русского ученого Дияконова, ирано-язычные племена переселились с юго-восточного славяна на Дешти-Ковур, а потом, оттуда разделились на восток и запад (т.е. на нынешний Иран и на Индию). Этого подтверждают и языковые факты. Например, персидский, татский, лахиджский, курдский и т.д. Говорят – отец мой, но азербайджанские талышы – мой отец; персы и др. говорят: – знамя красное, а талышы – красное знамя, т.е. определение идет после определяемого. Отсюда можно сделать следующий вывод, что азербайджанский язык сильно повлиял на грамматическую структуру талышского языка. Как видно еще много таких и других превосходства азербайджанского языка исследуется. В будущих научных статьях мы доведем до вашего сведения новые проблемные вопросы на конкретных языковых фактах. Потому – это надо. Мурад Аджи верно пишет о том, что «конечно рано или поздно, но заговорят города юга России, заговорит Великая Степь. Неприлично ей дальше молчать – культурный пласт колоссальный. И его придется открыть: появились новые страны, они – молодая поросль от старого кипчакского дерева. Азербайджан, Узбекистан, Украина, Казахстан, Киргизстан захотят знать свою истинную историю. Их

предки внесли огромный вклад в мировую культуру, так почему же надо скрывать его?» [3] Думаю, что Кип+очаг ещё раз станет Кип+очагом.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. М. Адж. Древняя история Великой Степи. Кипчаки. М., 1999.
2. М.Аджи. Кипчаки – Огузы. Средневековая история тюрков и Великой Степи. М., 2001. С.46, 57.
3. Мурад Адж. Европа, тюрки, Великая Степь. М., 1998. С.56.

## Берікбай САҒЫНДЫҚҰЛЫ

(Алматы)

ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ КӨПТІК ЖАЛҒАУЫНЫҢ  
ЭТИМОЛОГИЯСЫ

*В статье на основе анализа показывается этимология и варианты множественного числа в тюркских языках.*

*Bu makalede, Türk dillerindeki çokluk ekinin etimolojisi ve mukayesesi üzerinde durulmuştur.*

Қазақ тілінде көптік ұғымды білдіретін үш түрлі морфологиялық форма бар. Олардың бірі – -ыз ( -із, -з), екіншісі – -к (-к), үшіншісі – -лар (-лер, -дар, -дер, -тар, -тер) формасы [1]. Бұлардың арасында –лар, (-лер, -дар, -дер, -тар, -тер) жалғауының орны ерекше, чуваш тілін есептегенде, бүкіл түркі тілдерінде аса өнімді жұмсалады.

Тілшілер тарапынан көп зерттелсе де, осы жалғаудың шығу тегі бүгінге дейін ашылмай отыр: “Вопрос о происхождении аффиксы –лар ставился многими тюркологами и алтаистами, однако удовлетворительного решения не получил” [2;83]. Аталған форманттың этимологиясы негізінен екі бағытта зерттелуде: “Одни учения во главе с Г.И.Рамstedтом связывали -lar с самостоятельным словом, впоследствии потерявшим свое реальное значение и превратившимся в аффикс. Другие считают, что -lar представляет собой сложный аффикс, состоящий из двух древнейших показателей множественности или собирательности: -l и -c” [3]. Тіпті Д.Синор мен П.Аалто -лар жалғауы жүйесі бөлек өзге тілдерден түркі тілдеріне енген деген пікір де айтқан [2;84].

Түркологтардың қазіргі буыны -з, -к, -к, -л, -м, -н, -р, -с, -ч, -ш, -т, к +н, қ+л, ғ+т, ғ+р, -л+к, -лар форманттарын тұтасынан жинақтау мағынасын білдіретін көрсеткіштер деп таниды [4].

Көптік формалары неліктен осыншама тарамданып кеткен? Себебі: кейінгі кезеңдерде әр түрлі жолдармен, әр түрлі тәсілдермен өмірге келген көптік мағына беретін элементтердің тарихқа белгісіз ежелгі дәуірде пайда болған элементтермен бір деңгейде қатар қойылуы форманттардың санын көбейтіп жіберген. Олардың барлығына бірдей тоқталу арнайы зерттеуді талап етеді. Біз төменде түркі халықтарымен бірге жасап келе жатқан ең көне (қалдық) формаларды сөз еткелі отырмыз.

Орхон-Енесей, орта ғасыр ескерткіштерінде кездесетін тарқа+т (атақ, жекешесі – тарқа+н), теги+т (атақ, жекешесі – теги+н) сөздері құрамындағы -т, теле+ут, турк+ут этнонимдеріндегі -ут көптік мағына береді. Мұндай мағынаны қазақ тіліндегі бі+з, сі+з жіктеу есімдіктеріндегі -з элементі де бере алады. Сонымен қатар ч аффрикаты мен ш қатаң дауыссызы да қазіргі түрік тілдерінде осындай қызмет атқарады.

“Ортақтық”, “жинақтау”, “мол болушылық” ұғымдары көптік ұғымынан шығады. Қарын+д+ас, жол-д+ас сөздері арқылы берілетін ортақтық мән көне -ас көптік формасы арқылы беріліп тұр деп есептейміз.


Ал д түбірмен негіздегі қос дауыссыздардың есебінен жылысып келген кірме дыбыс[5:134-135]. Ортақ етістің -ыс(-іс, -с) жұрнағы да этимологиялық жағынан, сөз жоқ, көптік жалғауына барып тіреледі. Өлең+ті, Қараған+ды т.б. жер. елді мекен атауларына жалғанған -ты(-ды) көне жұрнағы “бір нәрсенің молшылығын көрсетеді. Қазіргі заманғы сын есім жұрнақтары – ты(-ті, -лы, -лі, -ды, ді) да дәл осы мағынасында жұмсалады: су+лы, орман+ды, гүл+ді, тас+ты т.б. Түркі тілдерімен салыстырғанда жүйесі мүлде бөлек саналатын араб тілдерінде көптік мағына –т, (-ат) фонемасы арқылы беріледі. Орыс тілінде де баяндауыштың көптік мағынасы –ут,-ют жұрнақтары арқылы жасалатыны белгілі. Қазақ тіліндегі көптік жалғау -т, +ар, -дын құрамында да -т элементі бар.

Түркологияда осы кезде дейін –л дан басталатын көптік жалғауы (-лар) архетип саналып келді. Шындығында бұл – позициялық комбинаторлық өзгерістердің әсерінен пайда болған вариант қана. Әдеби тілдегі маңдай, таңдай сөздері диалектілерде маңлай, таңдай болып айтылады. Мұндағы –дай тұлғасы –тек (сияқты) сөзінің өзгерген формасы. Демек, түбірде –л дыбысы жоқ. Сын есімінің -лы (-лі, ты, -ті, -ды, -ді) жұрнақтары да осы заңдылықтың салдарынан туындаған: алғашқы формасы – ты. Олай болса, -л формасында ілгері заманда көптік мағына болмаған. -Л ұяңдатып, бәсеңдетіп айтуды ұнататын оғыз, қарлұқ тілдерінде алдымен қалыптасқанға ұқсайды.

Сонымен қазіргі тілдердің тұрғысынан да, көне жазбалар материалдары бойынша да, көптіктің \*ат (-ут, -ит), \*ас (-ус, -ис), аз (-уз, -из), \*аш (-ут, -иш), \*ач (-уч, ич) **форматтары** қалпына келеді. Бұл жерде мына мәселені ерекше атап өтуге тура келеді: морфемалардың диахрониялық, синхрониялық жігі бар емес. Көптеген қате тұжырымдар көне тік пен жана жікті дұрыс айыра алмаушылықтан кейін шығады. Мысалы, жоғарыдағы теги+т, тарқа+т, түркологияда қабылданған дәстүр бойынша, біз де екіге бөлдік. Шындығынан бұлар тег-ит, тарқ-ат түрінде түбір мен қосымшаға ажырайды. Себебі, жалғаудың алдындағы түбір мен негіз тек және тар+ук, ал тарқа, теги деген түбір мен негіз тарихта жоқ. Сол сияқты біз, сіз есімдіктері де б+із, с+із түрінде ажырайды. Мұнда түбір өте күңгірттеніп кеткен.

Түркі тілдері флективтік құрылымды басынан кешірген дәуірде бөлшек – силлабофонема болған. Силлабофонема дегеніміз бір ғана архетип дауыссыз фонема мен бір ғана архетип дауысты фонеманың тіркесуінен тұратын буын (мысалы, ан, на, ар, ур, ир т.б.) болады, ал дауыстылар оған әр түрлі семантикалық өң, реңк жүктеп отырады. Тілдік материалдарға қарағанда, көптік ұғымын ТСШ күрделі аффрикаты тарихи даму барысында тс, тш аффрикаттарына бөлінген[5:23]. Флексия теориясы бойынша бұдан мынадай силлабофонемалар түзіледі: аң, уң, иң, ңа, ңу, ңи және ач, уч, ич, ча, чу, чи. Мұндағы аң, уң, иң, ңа, ңу, ңи бір силлабофонеманың ач, уч, ич, ча, чу, чи екінші силлабофонеманың (түбіртектің) варианттары. Келе-келе тс, тш

аффрикаттарынан катан т, с, ш. ұяң д, ж, з фонемалары өрбіген. Бұл негізден шыққандықтан бұлардың қай-қайсы да көптік мағына бере береді. Фонемалардың көбеюіне байланысты көптік жалғауының варианттары да көбейген: ат~ад, ут~уд, ит~ид, аш~аж, уш~уж, иш~иж, ас~сз, ус~уз, ис~из т.б. сонымен көптіктің қазіргі түркі тілдеріндегі бар варианттары толығынан бір кездегі күрделі аффрикаттың сарқыншақтары болып табылады. Біз қалпына келтірген \*-ат(-ут, -ит,), \*-ас(-ус, -ис), \*-аз(-уз, из), \*-аш(-уш,-иш), \*-ач(-уч,-ич) форманттары не тс, не тш аффрикаттарының ыңғайына қарай топтасады. Бірақ айналып келгенде, бұлардың негізгі түбірі бар:



Олай болса, көптік мағына беретін -т элементі өз соңынан -р фонемасын (немесе -ар морфемасын) қалай жамап алған? Құранды жалғау алдымен баяндауыштардың құрамында қалыптасқанға ұқсайды? Жама-ат қачмаға йуз туттылар (Көпшілік кашуға бет қойды); халайық фүлүс берип су ичарлар (халық пұл беріп, су ішіп жатыр)[6:137]. Тутар+лар, ичар+лар формалары қазіргі тілдерде қолданылмайды. Мұны ежелгі дәуірлерден орта ғасырларға дейін келіп түскен тілдік қалдық (реликт) деп түсінген жөн. Сірә, ілгері заманда бастауыштың көптік мағынасы баяндауыштың көптік мағынасымен қиысқанға ұқсайды. Көне ар түбір қандай ұғым береді? Ер-быть [7]. Бұл – аса ежелгі ар тұлғасының жіңішкерген фонетикалық варианты. Ар мен ер-дің ұғымы тең. Көптік жалғауы -тар-дың құрамындағы -ар да -ын ар. Мысалға барыңдар сөзін талдалық. Бар - “бару” ұғымын беретін түбір, +ың - бұйрық мәніні беретін жұрнақ, +д - көптік мағына беретін тұлға, +ар “бол” ұғымын беретін көмекші сөз. Сонда шамамен алғанда, “көп болып бар” деген түсінік береді. Бұл жерде -ар бөлшегі – қазіргі терминмен айтқанда көмекші етістік. Демеушілік қызметін атқарып, объектінің, субъектінің немесе іс-әрекеттің анық, күмәнсіз көп екендігін аңғартады.

Бұрнағы лексикалық мәнінен айрылған -ар тұлғасының орхон-енисей дәуірінде есептік сан есімдерге жалғанғанында да бір сыр жатқан сияқты: уч+ар, екир+ар т.б.[ДТС, 650-бет]. Мұның сол кезде “екіге толтыр”, “үшке толтыр”, “екі-екіден болсын”, “үш-үштен болсын” тәріздес ұғымдары болған. Бұл пікір бұрыннан айтылып келеді[8:14]. Есептік сандарға қосылған -ар/-әр формасының әлбетте, көптік ұғымды білдіретін тілдік элементке де қосыла алатыны дәлелдеуді қажет етпейтіні ақиқат.

Көптік жалғауының басқа формалары туралы бірер сөз. Бірқатар түркі тілдерінде -тар (немесе -лар) формасының басқы дыбысы түсіп қалып, -ар калпында, соңғы дыбысы ықшамдалып -ла түрінде айтылатын фактілері бар. Солай бола тұрса да, түркологияда -ар, -ла формалары дербес көптік тұлғасы болып есептеледі [8:16]. Шындығында -ар мен -ла -тар жалғауының

үнемделген варианттары. Үнемдеу заңының ықпалы ескерілмегендіктен, жоғарыдағыдай қате тұжырым жасалған. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, “кұмак” сөзінің соңғы дыбысы **қ** да көптік формасы болып саналады [8:11]. Іс жүзінде бұл сөз құмдағут (құмдауыт) сөзінен пайда болған. Кестесі:



Егер құмдауыт сөзіндегі -ыт формасы, немесе көне құмдағут сөзіндегі -ут тұлғасы кезінде көптік мағына берген болса, ол мағына үнемдеу заңының әсерімен **к** фонемасына көшті деуге логикалық негіз бар. Бұлай болған жағдайда **к** көптік формасы емес, көптіктің мағынасын лингвистикалық фактордың себебінен уақытша атқарып тұрған жаңа элемент болып есептеледі. Көптік жалғауларының кейбір зерттеулерде аса көп болуының басты себебі осындай субъективтік көзқарастарда жатыр.

Көптік жалғауы жөнінен түркі тілдері ішінде чуваш тілі ғана ала-бөле. Көрсеткіші -сәм(-сәм, -сән, сэм). А.М.Щербак былай деп жазады: “Происхождение -сэм до сих пор остается неясным”. Н.И.Ашмарин возводил его к слову сан (число), Г.Рамстедт к слову сақп (каждый) (күн сайын “каждый день”), образованному от общего с сан корня -са (считать). О.Прицак видел в нем сочитание двух общеалтайских показателей множественного числа (\*-са ~\*-са и \*-ін), тогда как Н.А.Андреев отнес его к числу аффиксов, заимствованных из нетюркских языков [2:85]. Бұл болжамдардың біреуі де шындықпен үйлеспейді.

Талдау барысы айқындағанындай көптік мағына -сэм/-сем формантында да с дауыссызында тұр. Бұл ерекшелік ол казак тіліндегі сам+са (каптап келу, өте көп болу) етістігімен салыстырғанда анық байқалады. с дыбысының өзге түркі тілдерінде де көптік мағына бере алатыны дәлелденген. Өйткені, с (жоғарыда атап көрсетілгеніндей) көптік мағына беретін тс(ц) аффрикатынан бөлініп шыққан. Бұрынғы калпына келтірсек, чуваш тіліндегі ежелгі көптік жалғауы \*-цан түрінде тұлғанар еді. Сонда -сэм (\*цам) осы форманттың варианты болып шығады. Өзге түркі тілдеріндегі \*-цар(-тар,-тер) формасынан оның басты айырмашылығы -ар элементін емес -ан элементін қосып алғандығында.

Бурят-моңғол тілінде көптіктің чуваш тіліне ұқсайтын -тан варианты бар. Жекеше аха (үлкен), буу (мылтықты), сасуу (күрдас); көпше аха+тан (үлкен-дер), буу+тан (мылтықтылар), сасуу+тан (күрдастар) [9:133]. -тан формантындағы -ан бөлшегі құрылысы жағынан да, семантикасы жағынан да чуваш тіліндегі -ан(-ен) бөлшегімен бірдей. Бұл факт -сан, -тан, -тар көптік жалғауларының екіге ажырай алатындығын дәлелдейді. Аталған тілде шулл формасы да ұшырайды. Жекеше: дархан (ұста), баян (бай), һамган (кемпір);

көпше дарха+шулл (ұсталар), бая+шулл (байлар), һамга+шулл (кемпірлер) [6:129]. Демек, бурят-моңғол тілінде ш дауыссызы да көптік мағына бере алады. Сайып келгенде, моңғол тілдерінде ти (ч) аффрикаты калпына келеді. тс мен тш төркіндес, бір күрделі аффрикаттан шыққан.

Жалпы алғанда, түркі тілдерімен ұялас моңғол тілдерінде көптік мағына көбіне т немесе д фонемасы арқылы беріледі. Бірнеше диалектіден тұратын бұл тілде -ууд/-үдд,-нууд/-нүүд,-гууд/-гүүд,-д формалары аса жиі пайдаланылады [9:122]. н,г дыбыстары да морфологиялық жылысудың нәтижесінде көптік жалғауының құрамында калып коюы мүмкін. Өйткені жылысу – барлық тілдерге ортақ заңдылық. Бұлай болған жағдайда т-ның ұян варианты д қай құрамда келсе де, көптік мағынаға ие болып тұр.

Бұл айтылғандардан мынадай қорытынды шығады: көптік жалғауы ғылымға белгісіз бір кезеңде жеке сөзден пайда болған. Оның лексикалық мағынасын түркі тілдеріндегі кейбір түбірлер (талай, самса т.б.) ғана көмескі сақтап қалған. Ал грамматикалық мәні т(д), с(з), ш(ж) фонемалары, немесе ц (тс), ч(тш) аффрикаттары арқылы беріледі. Бұл фонемалар алтай семьясындағы барлық тілдерге ортақ және олардың ол бастағы фонетикалық-фонологиялық негізі бар т(д), с(з), ш(ж), тш(ч), тс(ц) форманттарына -ар/-ер, -ем/-ен, -ул/-үл, -ан/-ен сияқты элементтер кейінгі дәуірлерде кіріскен (кейінгі дәуір дегеніміздің өзі кем дегенде бес-алты мың жылды камтиды).

Сонымен жаңа теория бойынша, қазақ тіліндегі көптіктің -тар, -тер, -дар, -тер,- лар,-лер варианттарының ең көнесі – -тар. Бұл екі элементтен тұрады. -т және -ар. т – көне көптік формасының (тс) саркыншағы \*ат, \*ут, \*ит тұлғаларында бұрынғы калпына келеді. “Ортақтық”, “жинақтау”, “мол болушылық”, “көп, өте көп болу” ұғымдарын береді. -ар объектінің, субъектінің немесе атқарылатын іс-әрекеттің анық, күмәнсіз көп екендігін білдіретін әрі демеушілік қызмет атқаратын ежелгі көмекші етістік.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ыскаков А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы, 1974. 42-б.
2. Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков (имя). Л.1977.с.83.
3. Советская тюркология. №5, 1971.с.11.
4. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. М., 1988.с.10-12: Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Баку, 1979.с.89-94.
5. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. Алматы, 1994. 134-135-б.
6. Наджип Э.Н. Тюркоязычный памятник XIV века “Гулистан” Сейфа Сарай и его язык. ч.т. Алма-Ата, 1975.с.101.
7. Айдаров Г. Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VIII века. Алматы, 1971.с. 356.
8. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. М., 1988.с.10-12: Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З.
9. Сборник трудов по филологии бурят-монгольского ГНИИ. Вып. I. Улан-удэ, 1948.с. 133.

Мейірбек ОРАЗОВ

(ШЫМКЕНТ)

## ТІЛДІҢ ТАҢБАЛЫҚ СИПАТЫ

В статье автор описывает речевое значение знака

Bu makalede, araştırmacı dil elemanlarının damga açısından anlamlarını tespit etmeye çalışmıştır.

Тілді таңба деп анықтау үшін, ең алдымен, таңба дегеніміз не деген сұрауға жауап беру керек. Себебі таңба тілге ғана байланысты қолданылмайды, басқа пәндерге байланысты да қолданылады. Мысалы, информацияда, геометрияда, математикада, физикада т.б. Таңба медицинада көбірек қолданылады. Сонда таңба дегеніміз не? Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде таңба сөзіне екі түрлі анықтама берілген. Таңба заттық 1. Дак, ен, белгі, мөр. 2. Ауыс, қаяу, шер, кек [1,588]. Әрине, бұл таңба сөзінің күнделікті қолданылатын мағынасы. Оның осы бірінші мағынасы негізге алынып, термин ретінде де қолданылады. Үлкен қазақ энциклопедиясының 10 томында “Таңба – ерекше белгі, мөр” деп анықталса [2], ғылыми сөздіктерінде олар сәл басқалай анықтама берген. Қараңыз, О.С.Ахманованың сөздігінде “Показатель, выразитель данного языкового значения” [6] деп анықталса, тілдік энциклопедиясында “знак языковой материально-идеальное образования (двухсторонняя единица языка), репрезентирующее предмет, свойство, отношение действительности”, – деп анықтайды. Қазақ тілшілері, таңба – әлеуметтік хабардың материалдық көрсеткіші деп анықтама берген.

Таңба жеке пәннің зерттеу нысаны болып саналады. Ол - семиотика. Семиотика көне грек тіліндегі semeion – таңба сөзінен алған. Оны алғаш термин ретінде қолданған америкалық философы Ч.С.Прис. Тіл білімінде таңба терминін жүйелі қолданған, тіл білімінің бір категориясы ретінде мойындаған Фердинанд де Соссюр. Ол “Язык есть система знаков” – [5] деп анықтама да берген. Сонда таңба дегенде нені түсінеміз? Әрине, дүниедегі бір зат бар екінші бір заттың құбылысының таңбасы болады, бірақ кез келген заттар таңба болмайды. Таңба болатын зат, бірінші, адамның сезім мүшелеріне түйсік туғызу керек, екінші, екінші бір заттың орнына қолданылуы, орынбасары болу керек. Мысалы, тәжірибе жасаған адам (физиолог) тәжірибе жасау үшін итті белгілі бір клеткаға қамайды. Итке тамақ беру үшін адам бөлмеге жарық қойып, кіргенде жағатын және жарық жағылғанда итке тамақ беретін болды. Бұл бірнеше рет қайталанатын. Ит жарық жағылған соң, сол ыдысқа барып, тамақ жейтін болар. Демек жарықтың жағылуы, ол ит үшін тамақ берудің бір белгісі болып қалыптасады. Демек итке тамақ беру үшін адам үйге кіргенде, шам жағылады, бұл бірнеше рет қайталанатын. Бұл жерде жарық – таңба, ол – тамақ берудің таңбасы. Екінші бір мысал келтірейік. Мектепте оқушылар сыныпта 45 минут бойынша сабақ оқиды. 45 минуттан соң қоңырау соғылып, оқытушылар үзіліске шығады. Яғни 45 минуттан соң сабақ бітуі керек. Бұл – қағида. Сондықтан қоңырау 35 минуттан соң да

коңырау соғып, сынап көрсеніз, оқытушылар сабак бітті деп үзіліске шығуға әрекет етеді. Демек мектептегі коңырау үшін 45 минут немесе 35 минут өтті дегенді білдірмейді, олар сабак аяқталды дегенді білдіреді. Демек коңырау сабак аяқталды дегеннің орнына қолданылады. Яғни сабактың аяқталуының белгісі коңыраудың соғылуы, 45 минуттың өтуі емес. Мұндай мысалдарды тұрмысымыздан көптеп кездестіруге болады. Үйдің жанынан өтіп бара жатқанда қабырғаның жарылғандығын көруіміз мүмкін. Ол үйдің қалпынан ауытқығанын білдіреді. Адамның дене ыстығының көтерілуі оның денсаулығының нашарлауынан белгі; орманнан түтін көрінуі оның жанғандығын немесе от жағылуынан белгі т.б. Таңбаның көзге көрінетін, басқа сезім мүшелерінің қабылдау белгісін ерте кезден-ақ байқалынған, өмірде қажетті жерлерінде адамдар ертеден пайдаланған. Таңба туралы алғашқы пікір стойшылардың еңбегінде бар. Бірақ таңба жеке пәннің объектісі етіп алынуы Ч.Морристің атымен байланысты. Ол 1938 жылы “Основания теории знаков”, деген кітапша жариялады. Ол мұнда таңба мен семиотиканың негізгі белгілерін анықтауға әрекет етті. “Люди – это высшие из живых существ, использующие знаки. Разумеется, не только люди, но и животные реагируют на некоторые вещи, как знаки чего-то другого, но такие знаки не достигают той сложности и совершенства, которые обнаруживаются в человеческой речи, письме, искусстве, контрольных приборах, медицинской диагностике, сигнальных устройствах”, – деп таңбаның өмірде көп қолданылатын көрсеткен [7]. Семиотикалық белгісімен байланысты ғылымды да екіге бөледі. “Понятие знака может оказаться важным для объединения социальных, психологических и гуманитарных наук, когда их органичивают от наук физических и биологических”, – деп жазады [8]. Ч.У.Морристың теориясын ғылыми жағынан анықтауды ары қарай жалғастырып “Знаки и язык и поведение” (1946) және “Значение и обозначение” деген еңбек жариялады. Онда теориясын белгілеген ғалым Ч.Порис те бар деп, сілтеме жасаған.

Таңбаның табиғатын анықтау үшін қазіргі философтар мен логиканы зерттеуші ғалымдар да арасында түрлі көзқарас қалыптасты. Атақты Н.И.Кондаков түрлі ғалымдардың пікірлерін жинақтап келіп “Знак – материальный чувственно-воспринимаемый объект, который символически, условно представляет и отсылает к обозначенному им предмету, явлению, действию или событию, сигнализирует о предмете, явлении, свойстве и т.п., который им обозначается” [9], – деп анықтама береді. Бұл – жалпы таңбаға берілген анықтама. Нақ осындай анықтаманы философтар да берген: “Знак – материальный чувственно-воспринимаемый предмет (явление, событие, действие), выступающий в познании и общении людей в качестве представителей некоторого предмета или предметов” [10]. Демек, біріншіден, таңбаны дүниедегі барлық құбылыстардан табуға болады; екінші, таңба адамға түсінік тудыратын заттар бола алады; үшінші, бір зат екінші заттың орнына, бір түсініктің орнына қолданылады; төртінші, таңба ретінде зат екінші заттың (ұғымның) арасында шартты байланысы болады [11].

Сондықтан таңба мағынасы кең және олардың бірнеше түрлері де болады. Ғылымда таңба терминінің – белгі, таңба-сигналдар, таңба-символдар және тілдік таңба сияқты түрлері бар. Оларды негізі таңба, көмекші таңба деп екіге бөлуге болады. Сондай-ақ кейбіреулер тілдік таңба және тілдік емес таңбалар деп екіге бөледі. Біздіңше осы бөлушілердің пікірін біріктіруге болады. Себебі негізгі және тілдік таңба дегендер бір таңба болып шығады. Сондай-ақ тілдік болмаған таңбаларға графикалық таңбалар, дыбыстық таңбалар, сәуле таңбалар сияқтылар саналып, өткен таңбаларды тілдік емес таңбалар деп атауға болады.

Тілдік таңба мен тілдік болмаған таңбалардың айырмашылығы бар. Тіпті тілдік емес таңбалардың болмаған таңбалардың да іштей бөлініп жатқан топтары да болады. Мысалы, графикалық таңбалар математика, химия, физика сияқты пәндерге қолданылып, түрлі түсінікті жазумен байланысты талқылайды. Мысалы,  $\Sigma$ -математикадағы таңба косынды деген белгі;  $\neq$ - тең емес деген таңба т.б. Көшірме, сурет таңбалар графикалық таңбаға жақын, айырмашылығы сурет таңба өзі таңбалайтын затқа ұқсас, көрінісі жақын немесе сурет көшірмесі болады. Мысалы, жолдағы түрлі таңбаларды көрсетуге болады. Жолдағы шанышқы мен пышақтың суреті; кроваттардың суреті т.б. Тарақ пен қайшының суреті бар дөңгелек-шаштараз, етік пен щетка суреті бар дөңгелек етіп жөндейтін ұстахана т.б. білдіреді. Тілдік емес таңбалар көне дәуірден бері қолданылған. Сондықтан олар дамып, тілдік шекпен шекараланбайды. Мысалы, ым, нұсқау арқылы түрлі тілдік мағынаны білдіруге болады. Мылқаулардың тілдері де белгілі принциптер негізінде өмір сүреді. Дүние жүзіндегі мылқаулар тілдері ауытқуы болмаса көп халықтар мылқауша өзара түсініседі.

Тілдік таңба мен тілдік емес таңбалардың да өзара ұқсастығы бар. Оның мынадай негізгі принциптері бар. Олар: 1) екеуі де белгілі бір информацияны хабарлау, білдіру керек; 2) екеуі де адамның сезім мүшелеріне түсінік туғызуы керек; 3) екеуі де өзінің табиғатымен байланысты белгіні білдірмейді, екінші бір нәрсемен байланысып барып мағына білдіреді, хабарлайды. Сондай-ақ олар арасында айырмашылықтар та болды.

Көрейік, тілдік таңба өзі таңбаланған мағынамен тікелей байланысты емес, ал сурет таңба өзі таңбаланған мағынамен сыбайлас мағынасы бар. Символды таңбалар өзі таңбамен арасындағы тікелей байланыс, келісімдермен т.б. өзара байланысса, тілдік таңбада ондай келісім жоқ. Тілдік таңбалардың саны көп, оны арнайы пән – лексикология тексеріп, лажды болса жүйеге түсіріп отырады. Тілдік емес таңбалардың да саны көп болады, бірақ әрқайсысы әртүрлі, жүйесі кедей, мысалы, сурет таңбаның саны мамандық бойынша қолданылады да санауға болады, ал сәуле таңбалар да мамандықпен байланысты қолданылады, бірақ байлық қоры бар болады. Дәлелдеу үшін теңізшілер қолданылған таңбаларды көрсетуге болады. Осы ерекшелігіне байланысты тілдік емес таңбаларды семиотика, тілдік таңбаны тіл білімі зерттейді.

Тіл элементтерін таңба деп белгілеу ХІХ ғасырда басталған. А.А.Потебня “Когда говорим, что А значит или означает Б, например, когда, видя издали дым, заключаем: значит там горит огонь – то мы познаем Б посредством А. А есть знак Б. Б есть означаемое этим знаком, или его значение”, – деп жазған [15]. В.Фон Гумбольд тіл элементтерін көбірек таңба деп атайды, дыбыстық, жазба таңба дейді; ол мағына соның ішкі жағы деп түсінген. “Слово, действительно, есть знак, до той степени до какой оно используется вместо вещи им понятие” [12], – деп таңбаның мағынамен байланысын білдіреді. Ал екінші бір жерінде таңбаның сөзсіз дыбыстық жағы, яғни адамда түйсік туғызатын объективтік материя болатынын көрсеткен. “Следовательно, языковые знаки – это обязательно звуки, и по скрытому чувству аналогии, входящие в число всех человеческих способностей”, в котором создается единство понятия, соответствует единство слова как чувственного знака, и оба единства должны быть в мышлении и посредством речи можно более приближены друг другу” [13].

Тілдің элементтерін таңба деп пән катарына қосып, теориялық негізін жасау ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасыр басының еншісіне тиген. Ең алдымен Фердинанд де Соссюрдың атын атаған дұрыс. Жас грамматистердің білімі тіл біліміне бетбұрыс жасай алмады. Сондықтан тілшілер жана бағыт іздеді; тілдің психологиялық, әлеуметтік негізін зерттей бастады. Осы ізденудің бір жолын таңбадан да іздеді. Таңбалық сипат тіл біліміне жана бағыт беретіндігін В.Фон Гумбольд көрсеткен болатын. Тілдерді өмірдің басқаларымен салыстыра отырып, оның артық жағын көрсеткен. “Из этой сравнительной органичности языка как знака, возникает повод черта языкового характера. Один язык несет в себе большое последствие своего употребления, больше условности, произвола, другой же ближе стоит к природе; это особенно заметно при переносе значения”, – деп тілді таңба танудың көп қырлығымен байланысты дейді [14]. Ф. де Соссюр таңба туралы көп көлемді баяндама жазбаған, қысқа тезисті пікір білдірген. “...Язык, как он нами определен, есть явление по своей природе однородное. Это – система знаков, в которой единственно существенным является, соединение смысла и акустического образа, причем оба эти компонента знаки в равной мере психичны”, – деп мағынасын да, оның дыбысталуын да таңба деп есептейді [15]. Семиотикада таңба екі жақты құбылыс деп, бірақ бір жақты таңба, яғни материалдық жағы ғана таңба, мағынасы таңба құрамына кірмейді деп те есептейді. А.А.Ветров “Вне отношения к значению знака не существует. Но знаком-то является сам предмет, а не предмет плюс его значение” [21], – деп мағынаны таңбаның құрамына енгізбейді. Осыған жақын пікірді Ч.У.Моррис те қолданған: Карл фон Фриш показал, что нашедшая нектар пчела, возвращаясь в улей, совершает танец и таким образом направляет других пчел к источнику пищи. В этом случае танец есть знак, другие пчелы, испытывающие влияние танца-интерпретаторы...”, – деп жазған [16]. Таңбаның екі жақты не бір жақты құбылыс жөніндегі пікір айтқан шешілген деуге болмайды. Қазақ тіл білімінде бұл туралы пікір айтқан тек

Т.Қордабаев. Ол таңбаны екі жақты құбылыс деп санайды. Жалпы семиотикалық ереже бойынша таңба бір жақты, тек материалды ғана болады, мағына таңба құрамына енбейді. Таңбалық қызметтен айрылған күнде де олар бастапқы табиғи калпында қала береді. Бұл қағидаға жеке тұрғанда ешқандай мағына білдіре алмайтын, бір жақты элемент болып есептелінетін фонемалар болмаса, тілдегі басқа тұлғалардың ешқайсысы да сай келмейді, өйткені тілдегі сөз болсын, сөйлем болсын-бәрі де екі жақты тұлғалар, – деп жазған [17]. Таңбаны екі жақты құбылыс деушілердің қатарына Р.А.Бугадов, Л.А.Абрамян, А.С.Мельничук т.б. қосуға болады. Бір жақтылығын қолдаушылар таңба олардың материалдық жағын, дыбыстық жағын ғана таңба деп есептейді. Бұл пікірді қолдаушылардың қатарына В.М.Сонцев, В.З.Панфилов, Л.О.Резников, Г.П.Мельников т.б. қосуға болады. Кей ғалымдар сұрауды сәл басқалау өзгертіп, сөз екі жақты таңба бола алады ма? – деген сұрау қояды. Біздіңше, тіл элементтерінің екі жағы (дыбысталуы және мағынасы) да таңба ма? – деген сұрау дұрыс емес. Мұны екі жағдаймен байланысты түсіндіруге болады. Бірінші, сөздің дыбысталу жағы таңба бола алады, себебі адамзатқа түсінік туғыза алады, материалды дыбыс. Ал сөз мағынасы адамға түсінік туғызбайды, адамның ішкі дүниесінде өмір сүреді де, оның идеалды дүниесі болады. Екінші, сөздің дыбыстығы өзі таңбаланған затқа ұқсамайды, табиғи байланысы жоқ, екінші бір затқа таңбалап соған сілтеме жасайды [18]. Бұл мәселеде А.А.Ветров “Предметное значение есть не обозначаемый знаком предмет, а особенность самого знака. Знак, поскольку он является знаком, отсылает к предмету. И с этой стороны все знаки именно как знаки абсолютно одинаковы” [21], – деп дұрыс көрсеткен. Ал мағына мен өзі объективті дүниемен байланысы бар, соның белгісі бір соның бейнесі. Демек тілдік таңба күрделі құбылыс болғандықтан оны оңай белгілеу мүмкін болмайды. Сөздің (тілдің таңбасы ретінде) екі жақты екендігі, оларды бірін екіншісінен бөліп алуға болмайтындығын ескеру керек. Сондықтан, А.А.Уфимцева “... чтобы обрести статус языковой единицы, т.е. стать языковым, точнее словесным знаком, тот или иной элемент – последовательность звуков или отдельный звук – должен быть говорящим коллективом, или каким-либо его представителем означен, наделен значением, определенной семантической ценностью, проще – содержанием” [19], – деп сөз таңбаның мағынасы болуын шарт деп көрсетеді. А.А.Уфимцева, басқа тілшілер сияқты, тілдік таңбаны бір жақты құбылыс деп есептейді: “Исходя из общей дифференции знака как материального предмета, стоящего вместо другого предмета и явления, обычно делают два неправомерных вывода: 1) языковой знак – односторонняя сущность; 2) языковой знак – должен быть обязательно материален”, – дейді екінші бір еңбегінде [20].

Тіл элементтері – сөздердің екі жақты құбылысы деген де, екеуінің екеуі де таңба болып саналады деген де Фердинанд де Соссюр. Ол сөзді таңба деп есептейді де, оны “понятие” немесе “акустический образ” деп бөледі. Біз оның терминін аудармай (орыс тіліндегі) бергеніміздің себебі

«акустический образ» термині сөздің дыбыстық жағы деп беруге болмайтын сияқты. Дұрысы дыбыстық бейне болып шығады. Оқулықтарымызды Соссюрды сынағанда оны сөздің дыбыстық жағы мен мағынасы (ішкі жағы деп береміз) еркін байланысты деуі, Соссюр сәл баскалау анықтама берген: “Языковой знак связывает не вещь ее название, а понятие и акустический образ”, – деп жазған [22]. Демек, Соссюрдың пікірінше, сөздердің дыбыс жағы да, заттың атауы болатын мағынасы да таңба болмайды. Ол өзінің психологиялық бағытына тартып “... что оба стороны языкового знака психичны и связываются в нашем мозгу ассоциативной связи. Языковой знак есть, таким образом, двухсторонняя сущность”, – деп анық айтқан [5].

Қазіргі тілшілеріміздің көпшілігі тілді таңба деп мойындамайды және таңбаның екі жақты құбылысын да мойындамайды. Бірақ таңбаның бірі (дыбыстық жағы) таңбаның сипаты бар, ал оның екінші жағы – мағынасы, идеалды жағы таңба бола алмайды, бейнелік сипаты бар деп ашық айтпайды. Бәрібір сөздің екі жағы мен екінші жағы өте тығыз байланыста болады, тіпті бірінсіз екіншісі болмайды дегенді ескеру керек. Оны Ф.де Соссюр де білген: Язык можно также сравнить с листом бумаги. Мысль – его лицевая сторона, а звук – обратная; нельзя разрезать лицевую сторону, не разрезав и обратную. Так и в языке нельзя отделить ни мысль от звука, ни звук от мысли; это можно достигнуть лишь путем абстракции[21], – деп мағына мен дыбысталуды таза қағазбен теңестіреді.

Енді тілдік таңбаның екі жақты құбылыс екендігін және оның біреуі таңба, екінші бейнелік сипаты бар деген пікірімізді дәлелдейік. Бұл мағынаның геносиологиялық сипатын туындайды. Егер таңба дегенде адамның түсінік туғызатын материалды заты болса, тілдік таңбаның екінші белгісі нақ өзі болмайды, екінші бір заттың орнына қолданып, екінші бір затқа, құбылысқа сілтеу жасауы керек. Осы талапты дәйекті түрде мойындасақ, онда сөздің дыбыстық жағы таңба бола алады. Қай сөзін алып қарасақ, қол адамның дене мүшесі болған затты осы үш дыбыстық арқылы жасалған дыбыстық бірлікті білдіріп, оның таңбасы ретінде қолданылады. Дыбыстың адамға түйсік туғызатындығы анық, яғни құлақпен естиміз. Осы сөздің екінші жағы – идеалық жағы адамға түсінік туғызбайды, адамның миында, психологиясында өмір сүреді. Ф.де Соссюрдың: “Оба стороны языкового знака психичны и связываются в нашем мозгу ассоциативной связи”, – деуі автордың дыбыстаудың өзі таңба болмайды, оның миындағы бейнесін таңба деп есептеуі – оның философиялық негізіне қайта оралуы. Мағынаны – сөздің идеялық жағы деп анық айтпайды, бірақ дыбыстауды акустикалық бейне деп есептейді. “Мы называем знаком соединение понятия и акустического образа, но в общепринятом употреблении этот термин обычно обозначает только акустический образ, например *arbor* и т.д”. Осы қағидамен байланысты екінші бір түсінікті шығарады. Ол таңбаның екі жақтылығы таңбаланушы мен таңбалаушы деп түсіндіреді. Яғни, “Мы полагаем понятие и акустический образ соответственно терминами *означаемое* и *означающее*”, – деп жазады. Демек таңбалаушы акустикалық

бейне де, таңбаланушы оның идеялық (мағына) жағы деп түсінеміз. Э.Бенвенист те солай түсінген: “Означающее – это звуковой перевод идеи, означаемое – это мыслительный эквивалент означающего”[23]. Тіл білімінде таңбаланушы түсінігін түсіндіруге дау жоқ, бірақ таңбаланушы мен таңбалаушы арасындағы байланыс туралы пікір дауы бар. “Связь, соединяющая означающее с означаемым, произвольно”, – деген тезисті Соссюр бірнеше рет қайталаған, оны өзінше түсіндірген. Яғни таңба мен таңбаланушылар арасында байланыс жоқ деген түсінік шығады. Оның мәтінінде еркіндік дегенді сәл басқалау түсіндіреді. Еркіндік деген сөзді түсіндіру керек. Айтушы таңбалаушыны еркін таңдап алу мүмкін деп түсінбеу керек (кейін біздің көруімізше, адам тілді пайдаланатын уәжі мүшесі қалыптасқан таңбаны өте нәзік өзгеріс енгізуге құқығы жоқ). Біздің ойлауымызша, таңбалаушы уәжделінбейді (немотивировано), яғни таңбаланушы таңбаланушымен еркін қатынаста болады, – дейді. Э.Бенвенистің 1974 жылы орысша аудармасына түсінік жазған, Ю.С.Степанов таңбалаушы мен таңбаланушы арасындағы байланыс туралы пікір келісім жасай отырып, Соссюрдың “еркін” қатынасында үш түрлі қайшылық бар: 1) уәжділік (немотивированность). 2) шартты (условность), 3) кездейсоқтық (случайность) деп көрстеді[24]. Біздіңше, Соссюр мен Э.Бенвенисттің пікірі өте қарама-қарсы емес, біріншісі екіншісін түсіндіреді, толықтырады.

Семантикада мотивировка деген орыс тілінің терминдерін түсіндіруден байқайық. Оны қазақ тілінде «үәж» сөзімен берген. «Үәж» сөзінің мағынасына зат не құбылыстың атауы болуға негіз болған белгіні айтамыз. Мысалы, пышак сөзін алып көрейік. Пышак сөзінің негізінде пішу (кесу) амал-әрекеті жатыр. Демек, кез келген кесетін нәрсе пышак болу керек. Кей түбір сөздерде үәжді анықтау қиын болады, бірақ болады. Мысалы, үй сөзінің мағынасына негіз болған сана адамзаттың өмір сүретін орнын аламыз. Үйдің бірнеше түрі болуы мүмкін. Мысалы, күрке, шалаш, бастырма, сарай т.б Оның бірінен екіншісі ажыралып тұратын түрлі қасиет бар екендігі, олар сөз мағынасында бейнеленуі заңды. Сондықтан әр сөздің мағынасы өзгеше болатындығы да анық. Ф.де Соссюрдың таңбалаушы мен таңбаланушының арасындағы байланыс еркін дегенін, табиғи байланыс жоқ дегенін осылай, түсіну керек. Біз сөз мағынасы мен оның атауы арасында табиғи байланыс жоқ, бірақ шартты байланысы бар дегенді ұсынамыз. Сөзге анықтама бергенде, «сөз» дегенде дыбыстау мен мағынаның әлеуметтік, тарихи шартты байланысын айтамыз дейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазак тілінің түсіндірме сөздігі. 8-т. 588 бет.
2. Қазак Совет энциклопедиясы. А., 1977, 10т. 548-б.
3. Лингвистический энциклопедический словарь, М., 1990 167-б.
4. Тіл білімі сөздігі. А., 1998. 130-б.
5. Ф.де Соссюр. Труды по языкознанию. М., 1977. 54-б.
6. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. М., 1966 158-б.
7. Степанов Ю.С., Булагина Т.В. Коментарий-Семиотика. М., 1983 585-б.
8. Моррис Ч.У. Основания теории знаков. Семиотика. 37-38-б.
9. Кандаков Н.И. Логический словарь-справочник. М., 1975. 182-183-б.
10. Философская энциклопедия, 2-т., М., 1962. 177-б.
11. Философская энциклопедия. 2-т., М., 1962. 148-б.
12. В фон Гумвольд. Лаций и Эллада. Избранные труды по языкознанию. М., 1984. 304-б.
13. В фон Гумвольд. О мышлении и речи. – Избранные.... 302-б.
14. В фон Гумвольд. О сравнительном изучении языков применительно к различным эпохам их развития. Избр., 317-б.
15. Из заметок к русской грамматике.-Звечинцев В.А. История языкознания XIX-XX вв. 1-часть. 1964, 143-б.
16. В фон Гумвольд. Характер языка и характер народа. Язык и философия культуры. М., 1985, 379-б.
17. Қордабаев Т. Жалпы тіл білімі. 1993, 121б., А.А.Ветров Семиотика и ее... 45-46б.
18. Оразов М. Қазак тілінің семантикасы., 75-84 б.
19. Уфимцева А.А. Лексическое значение., М., 1986. 17-б.
20. Уфимцева А.А. Понятие языкового знака. Общее языкознание. М., 1970, 111б.
21. А.А.Ветров Семиотика и ее.... 32 б.
22. Ф. де Соссюр., Труды по языкознанию., 99 б., 100-101б., 145 б.
23. Э.Бенвенист., Общая лингвистика., М., 1974, 93-б.
24. Э.Бенвенист., Общая лингвистика., М., 1974, 423-б.

Марина МОНГУШ

(Москва)

**ЭТНОЯЗЫКОВАЯ СИТУАЦИЯ У ТУВИНЦЕВ МОНГОЛИИ И КИТАЯ  
(Сравнительный анализ)**

*Мақала авторы Моңғолия мен Қытайдағы тува тілінің қолданылу жиілігіне сараптау жасап, назар аударуға тиісті өзекті мәселелерді көрсеткен.*

*Makale yazarı Moğolistan ve Çin'deki Tuva dilinin kullanma yoğunluğu üzerine bir tahlil yaparak, dikkat edilmesi gereken başlıca sorunları belirtmiştir.*

Тувинцы – коренное население Республики Тыва (Тува) в составе Российской Федерации. На территории Тувы, расположенной в бассейне Верхнего Енисея (площадь 175,5 тыс. кв. км), проживают 223.150 тувинцев, что составляет 67,3 % от всего населения республики (общая численность 310.200 чел.) [1].

Часть тувинцев проживает за пределами России: в Монголии (около 12 тыс. чел) и Китае (более 4 тыс. чел.) [2]. В данной ситуации, безусловно, государственный фактор оказывает определяющее влияние на направление современного этнического развития различных групп тувинского населения.

Наиболее дисперсно расселены тувинцы в Монголии: в сумонах Цэнгэл и Буянт Баян-Улэгэйского аймака; в сумоне Буянт [3] Кобдоского аймака; в сумоне Цагаан-Нур Хубсугульского аймака; в сумоне Алтанбулаг Селенгинского аймака; в сумоне Заамар Центрального аймака. Местами их наиболее компактного проживания являются сумоны Цэнгэл, Цагаан-Нур и Буянт (в Кобдоском аймаке). К территории Тувы ближе всех расположены сумоны Цэнгэл и Цагаан-Нур; первый примыкает к Монгун-Тайгинскому кожууну, второй – к Тоджинскому. Многие тувинцы, живущие в этих сумонах, утверждают, что раньше, когда еще не было установлено государственных границ между Тувой, т.е. Россией и Монголией, их земли считались частью тувинской территории. Установление границ между двумя государствами привело к тому, что они оказались на монгольской территории.

По сравнению с Монголией для Китая характерно относительно более компактное расселение тувинцев. Они в основном сосредоточены на территории Алтайского аймака Синьцзян-Уйгурского автономного района; основная их часть проживает на крайнем северо-востоке Или-Казахского автономного округа, преимущественно в уездах Каба и Бурчин, а также в уездах Алтай, Чингиль, Кок-Дугай и Бурул-Дугай [4].

В Китае тувинцев называют «кок-мончаками» или просто «мончаками», хотя они сами себя называют «тыва». Есть предположение, что первыми их так начали называть казахи, после чего это название закрепилось в качестве самоназвания народа.

Целью настоящей статьи является попытка рассмотреть этноязыковую ситуацию у монгольских и китайских тувинцев в сравнительном плане, следуя установившимся в этнографической науке подходам. Основу работы составили результаты полевых исследований автора, которые проводились с 1993 по 2002 г.

Этноязыковые процессы являются одной из важнейших составляющих этнических процессов постольку, поскольку язык стоит в одном ряду с основными этническими определителями – этническим самосознанием, хозяйственно-экономическим укладом, спецификой культуры и быта, а также этнопсихологическими особенностями этнофоров[5].

При изучении языка любого этноса, а тем более этнодисперсных групп, специалисты выделяют три важнейших аспекта: 1) структурный, выражающий изменения лексики, фонетики, морфологии, синтаксиса и других составляющих языка; 2) функциональный, который понимается как развитие социальных функций языка, соотносимых с различными сферами человеческого общения; 3) поведенческий, состоящий в речевом поведении, которое включает в себя языковую компетенцию (знание языка), речевую деятельность (употребление языка) и психологическую предрасположенность (отношение к языку) [6].

В данном разделе эти три аспекта будут рассмотрены в разной степени, поскольку для изучения этноязыковых процессов характерно смещение акцентов на поведенческую и функциональную стороны исследования[7]. Это объясняется тем, что из всех компонентов культуры именно язык обладает наиболее ярко выраженными этническими свойствами, чем и определяется его чрезвычайно важная роль в жизни этноса. Выполняя коммуникативную функцию, язык служит основным средством накопления и передачи информации от поколения поколению. Важным является также то, что язык помимо всего прочего выступает и основным этноинтегрирующим фактором для этноса и, соответственно, этнодифференцирующим по отношению к другим этническим общностям. Именно это свойство языка позволяет ему выступать зачастую в качестве символа данной этнической общности [8].

В этнографической литературе предмет изучения этноязыковых процессов заключается в изучении не собственно языковых явлений (фонетики, морфологии, синтаксиса и т.п.), а складывания и варьирования речевого поведения населения [9], которые в нашем случае очень сильно зависят от таких внешних внеязыковых факторов и явлений, как численное соотношение народов на территории проживания интересующих нас групп тувинского населения, особенности расселения этих народов и тувинцев среди них, продолжительность проживания и длительность этнокультурных взаимодействий тувинцев и их потомков с соседями. К этому, очевидно, следует добавить немаловажную роль социально-экономических условий существования тувинской общины, отсутствие у тувинцев национально-

территориальных образований в рассматриваемых регионах. Все эти, а также некоторые другие, менее выраженные факторы, послужили основой складывания современной этноязыковой ситуации у тувинцев Монголии и Китая.

Наиболее актуальными для данного исследования является изучение механизма функционирования тувинского языка среди монгольских и китайских тувинцев, выявление тенденций, специфики его развития. Для этого, как нам кажется, важно получить четкое представление о реальном соотношении тувинского языка с языками соседних народов в жизнедеятельности исследуемых групп. Не менее интересен вопрос об устойчивости национального языка в условиях дисперсного расселения его носителей в иноэтничной среде.

Исследуя этноязыковые процессы и языковой компоненты этноса в целом, следует иметь в виду такие базисные понятия, как «языковая компетентность» (мера, степень знания языка или языков), «речевая деятельность» (реальное употребление одного или более языков в различных сферах жизнедеятельности этноса) и «языковая ориентация» [10], без которых практически невозможно обозначить направления и перспективы развития языковой ситуации у зарубежных тувинцев.

Изучение языковой ситуации в исследуемых тувинских группах велось различными путями. Так, в частности, чтобы получить представление о состоянии языковых процессов у тувинцев Монголии, мы, кроме имеющихся работ, привлекли также оригинальные данные, полученные у наших информантов – монгольских граждан тувинского происхождения. Знакомство с языковой ситуацией у тувинцев Китая осуществлялось путем непосредственного общения с ними, часто с помощью ряда ключевых вопросов, сформулированных следующим образом: Какой язык считаете родным? В какой степени владеете языками соседних народов? На каком языке получаете образование? В какой школе Вы хотели бы учить своих детей? На каком языке общаетесь дома? Не чувствуете ли, что теряете родной язык?

